ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА! СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ 20 ҚАРАША НОЯБРЯ 2022 ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 44 (1099)

11.11.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БРИФИНГ

ЕКПЕНІҢ КӨМЕГІ - ЕРЕКШЕ

ЕЛІМІЗДЕ АУА РАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ОРАЙ ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА ТҰМАУ ЖӘНЕ БАСҚАДА ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ЖҰҚПА АУРУЛАРЫ ӨРШІП, СЫРҚАТТАНУШЫЛАРДЫҢ САНЫ АРТТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖУРНАЛИСТТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БРИФИНГТЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША САНИТАРЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АСХАТ СӘКЕНҰЛЫ АЙТТЫ.

Жетісу облысы бойынша эпидмаусым басталғалы бері тұмау инфекциясының 8 491 жағдайы тіркелген. Сырқаттанушылардың 61 пайызын 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр. Жасөспірімдердің организмдері әлсіз болып, түрлі сырқаттарды бірден қабылдап алатынын айтқан Асхат Шарапиев бұл сырқаттың алдын алудың ең тиімді жолы – тұмауға қарсы екпе алу екендігін атап өтті.

– Екпе жасау – тұмаудың алдын алудағы анағұрлым тиімді әдіс. Егер уақытылы екпе жасалса, тұмау вирусын жұқтырғанның өзінде, аурудың ауыр ағымын, кейінгі асқынуларын болдырмауға мүмкіндік туады. Сондықтан біз жыл сайын тұрақты түрде мүгедектер, қарттар үйі, мектеп интернаттары, жиі ауыратын иммунитеті төмен балалар мен созылмалы аурулары бар ересек адамдарға міндетті-тегін екпе салу жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Тұмауға қарсы екпенің көмегі көп, – дейді А. Шарапиев.

Халық арасында иммунды жүйе қалыптастыру үшін жыл сайынғы эпидкезеңге бюджеттен арнайы қаржы бөлу қарастырылған. Осыған орай биыл Жетісу облысына жергілікті бюджет есебінен 93 500 доза Ресейде өндірілген «Гриппол +» тұмауға қарсы вакцинасы сатып алынды.

Бүгінгі күні облыс бойынша жалпы саны 83 329 адам тұмауға қарсы екпемен қамтылып, бір жылға міндеттелген жоспардың 89,6 пайызы орындалған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес алдағы эпидемиялық маусымда тұмаудың А және В вирусы айналымда болады деп болжануда. Вирустың бұл түрлері организмге күн шуағы жетіспеушілігінен, иммунитеттің төмендеуінен туындап, науқас адам тыныс алғанда, жөтелгенде, түшкіргенде ауаға тарайды. Сондықтан мамандар эпидахуалдың күрделі екендігін айтып, тұрғындарды пайдалы витаминдер қабылдап, адамдар көп шоғырланатын орындарға бармауға, сақтанып жүруге шақырады.

Айдана СМАҒҰЛ

НЕГЕ?

Қоғам арасында энергетикалық сусындар сұранысқа ие тауарға айналды. Қуат беретін сусынға мектеп жасындағы баладан егде тартқан жандарға дейін құмар. Алайда ол адам ағзасына зиянын тигізетінін көпшілік біле бермейді немесе жай ғана елемейді.

Өнімнің қауіптілігін білген кейбір елдер бұл тауарға мүлдем тыйым салған. Мұндай сусын түрі белгілі бір тәртіппен ғана сатылады. Ал статистика бойынша қазақстандықтар тәулігіне орта есеппен 30 мың литр сергіткіш ішеді екен.

Қуат береді деп жансақ ойлаған жандар бұл сусынды шаршап, күш жинағысы келгенде құмарлана сіміріп жатады. Алайда дәрігерлердің сөзінше, сусында ешқандай күш бергіш зат жоқ, ол тек энергия қоздырушысы, яғни сергіткіш сусын ішкен жан өз энергия қорын пайдаланады. Оның құрамындағы кофеиндік заттар адам бойындағы бір күнге жететін қуат мөлшерін 2-3 сағаттың ішінде жұмылдырып, сол сәттегі белсенділігін қамтамасыз етеді. Одан кейінгі тәуліктің басқа уақытында керісінше, депрессияға, зорығуға дейін алып келеді. Көптеген өнімнің құрамында үлкен мөлшерде В дәрумені болады. Бұл жүрек соғысын жиілетіп, артериалды қан қысымын көтеріп, ағзада зат алмасу бұзылатынын, бауыр мен ұйқы безі сыр беретінін және аяқ-қолдың діріл деуіне себеп болатын көрінеді.

Жарнамасы көздің жауын алып, адамды өзіне бірден тартатын өнімге қатысты ел арасында айтылып жүрген пікір көп. Соның арасында өмірден қыршын кеткен жандардың өліміне себеп болды деген әңгімелерді жиі естиміз. «Gorilla», «Red Bull», «Dizzy»-ді көп тұтынатын еді, қолынан тастамай ішіп жүретін, міне, ақыры немен бітті деген сөзді сіздердің де құлақтарыңыз шалған шығар... Қалай дегенмен бұл өнімді сатуға тыйым салынуы керек.

Жыл сайын мыңдаған қазақстандық «сиқырлы сусынның» зардабын тартып жатса да, тиісті мекемелер еш шара қолданбай келеді. Соңғы рет энергетикалық сусынға қатысты заң 2013 жылы өзгерді. Онда «мемлекеттік санитарлық бас дәрігердің жарлығы бойынша мұндай сусындарды мектептер, ЖОО, денсаулық сақтау ұйымдары, жастар мен жасөспірімдердің қатысуымен өткізілетін мәдени іс-шараларда сатуға тыйым салынады» делінген. Бүгінде бұл қаулы іс жүзінде нақты нәтиже көрсете алмауда. Неге?

А.БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Началась подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

КАРДИОХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

***Талдықорғанда ересектер мен балаларға арналған өңірлік кардиохирургия орталығы ашылады. Бұл туралы аймақтың мәдениет саласы қызметкерлерімен кездесуінде Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты,* – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

– Әуелде облыстық сотқа арнап салына бастаған ғимаратта Өңірлік кардиохирургия орталығы орналасатын болады. Облыстың екіге бөлінуіне байланысты сотқа үлкен ғимарат салу тиімсіз болып қалды. Сондықтан құрылыс уақытша тоқтатылды. Осы ғимаратты кардиохирургиялық орталық ретінде бейімдеп салу туралы біздің ұсынысымыз қолдау тапты. Сырқатты ерте кезден анықтап, жүрекке күрделі операцияларды дер кезінде жасауға мүмкіндік жасалатындықтан, Орталықтың жұмысы ана мен бала өлімін азайтуға ықпал етеді деп ойлаймын. Орталық жоғары технологияны қолдана отырып, осы аймақтағы ғана емес, көрші өңірлерде тұратын балалар мен ересектерге де сапалы медициналық қызмет көрсетеді. Жалпы Жетісу жұртшылығына пайдалы нысан болады, – деді Б.Исабаев.

Тағы бір айта кетерлігі, Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Мерей» балаларды оңалту орталығы ашылды. Бұл – бұрынғы облыс әкімінің резиденциясы болған ғимарат. Ғима-ратты жаңғырту жұмыстары мен қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға 80 млн. теңге жұмсалды. Орталықта Монтессори кабинеті, физиотерапия, емдік дене шынықтыру, сол сияқты сенсор, массаж, процедура-лық кабинеттер, логопед, дефектолог бөлмелері, тұз шахтасы, бассейн т.б бар. Екі корпустан тұратын ғимараттың жалпы алаңы 910,4 шаршы метр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БІЛІМ

ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ҚАЗІРГІ ЗАМАН МҰҒАЛІМІНЕН ТЕК ӨЗ ПӘНІНІҢ ТЕРЕҢ БІЛГІРІ БОЛУ ҒАНА ЕМЕС, ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ, САЯСИ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМДІЛІК ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАЛАП ЕТІЛУДЕ.

Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Профессор Дэвид Клустер «Сыни тұрғыдан ойлау– өзіндік, жеке ойлау. Ал сабақ сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін, бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біреу үшін біреу сыни ойлай алмайды, әркім барлығын өзі үшін жасайды. Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып табылады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек» деген екен.

Сындарлы оқыту теориясындағы жетістікке жетелейтін жеті модульдердің бірі «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» басқа модульдермен де тығыз байланысты деп есептеймін. Оқушылар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді, яғни метатаным пайда болады, өздері үдеріс барысында ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді, ал бұрынғы дәстүрлі оқыту процесінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту үдерісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – оқушы болды. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет екенін аңғара отырып, жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ – жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады.

Қ.МОЛДАХМЕТОВА,
Екіаша орта мектебінің ұстазы.
САРҚАН АУДАНЫ

ОҚУ ОРНЫНДА

І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ZHANSUGUROV COLLEGE» -ДЕ ҰЛЫ ТҰЛҒА, ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВТІҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ КОЛЛЕДЖІШІЛІК ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ.

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫСЫ

Әдеби-танымдық шараның мақсаты – жазушының әлемдік әдебиетке, өнер мен мәдениетке қосқан үлесін студенттердің қатысумен саралай отырып, жазушының шығармашылық лабораториясы туралы танымдарын кеңейтіп, студенттерді осы бағытта ғылыми-ізденіс жұмыстарына баулу, шығармаларын талдау арқылы ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. Аталған шараға колледжіміздің 1, 2 және 3 курс студенттері қатысып, қаламгердің шығармаларын талдап, қазіргі заманауи мәселелермен байланыстарын зерделеді. Колледж кітапханашысы Анар Тусупбекова М. Әуезовтің шығармашылық өмірінен мағлұмат беру мақсатында «Әуезов асылмұрасы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Бүгінгі күні жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудегі әдебиеттегі қазақ ақын-жазушыларының өмірбаянының мәні мен мағынасы зор. Жаңа ғасыр көкжиегінде кемелдене беретін кемеңгер жазушы М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, жаңа ұрпақтың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.

Гүлден НАЙМАНБАЕВА
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

КІТАПХАНАДА

ШЫҒЫСТЫҢ ШОҚ ЖҰЛДЫЗЫ

БИЫЛ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ЕРЛІГІ МЕН ӨРЛІГІ ЕРЛЕРГЕ ПАРА-ПАР МӘНШҮК МӘМЕТОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА–100ЖЫЛ. ОСЫҒАН ОРАЙ ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНДА «ШЫҒЫСТЫҢ ШОҚ ЖҰЛДЫЗЫ» АТТЫ ПАТРИОТТТЫҚ САБАҚ ӨТТІ.

Шара барысында оқырмандарға қаһарман қыздың өмір жолы таныстырылып, Мәншүк ерліктерін баяндайтын бейнеролик көрсетілді.

Сонымен қатар қатысушылар *«Мәншүк тірі болса қазір қандай болар еді, кім болар еді? Сендер болашақта кім боласыңдар, еліңізге, Отаныңызға қандай қызмет етер едіңіздер?»* деген сынды сұрақтарға жауап берді.

Халқымызда «Ел болам десең – бесігінді түзе» деген мақал бар. Қазіргі өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолында тарихтың осынау тосқауылды жолында жастық шағын аямай, жанын берген Мәншүктей текті қыздардың өмір жолын үлгі етуіміз керек.

Шара мақсаты – оқырмандарға Тұмар ханшайымнан бастау алатын қазақ қыздарының ерлігі жайлы баяндау, оқушыларды, елді жаудан қорғаған, елі үшін ерлік көрсеткен азаматтарды құрметтеуге, туған жерін сүюге, Отан үшін отқа түсетін елжанды, ел азаматы болуға тәрбиелеу.

А.КУНАРЖАН,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының кітапханашысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

НПП «АТАМЕКЕН» УКРЕПЛЯЕТ РЕГИОНАЛЬНУЮ СЕТЬ

ПО РЕШЕНИЮ СЪЕЗДА «АТАМЕКЕН» В ОБЛАСТЯХ АБАЙ, ЖЕТЫСУ И УЛЫТАУ ЗАРАБОТАЮТ РЕГИОНАЛЬНЫЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, – СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ.



«Для Палаты предпринимателей важно держать связь с регионами. Благодаря широкому охвату мы сможем обеспечить нефинансовой поддержкой предпринимателей городов и районов, лучше защищать права, больше создавать условия ведению бизнеса, укреплять переговорную силу с государственными органами. Глава государства Касым-Жомарт Токаев направил обращение предпринимателям, где отметил, что Палата предпринимателей стала полноценным партнером государства. Мы будем продолжать эту работу», – отметил директор Палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов.

В областях Абай и Жетысу в Совет будут включены по 25 представителей малого, среднего и крупного бизнеса, Улытау – 15.

Съезд прошел в режиме офлайн. В нем приняли участие более 300 делегатов со всех регионов страны. На повестке заседания были представлены 9 вопросов. Среди них вопросы определения количественного состава Региональных советов палат предпринимателей областей, городов республиканского значения и столицы; досрочного прекращения полномочий и избрания отдельных членов Президиума НПП, утверждения срока полномочий Правления НПП РК.

Также спикер рассказал о процессе трансформации Национальной палаты предпринимателей «Атамекен».

Новые подходы по трансформации НПП «Атамекен», которые в значительной степени проистекают из тех задач, которые Глава Государства обозначил для эффективного развития экономики: макроэкономическая стабильность, диверсификация экономики, цифровизация, развитие малого и среднего бизнеса, человеческого капитала, обеспечение верховенства закона

«Одна из задач, которую новое правление НПП РК «Атамекен» поставило перед собой – консолидация экспертизы. С сильной отраслевой экспертизой НПП должна стать помощником правительства и Главы государства в вопросах качественной формулировки отраслевых стратегий развития» , – добавил Айтуар Кошмамбетов.

Реформирование Нацпалаты будет проходить в три этапа до 2025 года.

Ш. ХАМИТОВ.

КОНСТИТУЦИОННЫЙ СУД

НАЧНЕТ РАБОТАТЬ С ЯНВАРЯ 2023 ГОДА

Его компетенция шире, чем у действующего Конституционного Совета.

Как передает источник: Reuters, Конституционный Суд начнет функционировать с 1 января 2023 года. В этой связи принят Конституционный закон «О Конституционном Суде Республики Казахстан». Документ 5 ноября 2022 года подписал президент Касым-Жомарт Токаев. Закон регламентирует вопросы формирования и организации деятельности Конституционного Суда, которые вводятся в действие по истечении 10 календарных дней после опубликования, а также компетенцию Конституционного Суда, порядок конституционного производства, в том числе рассмотрения обращений граждан, которые начнут действовать с 1 января 2023 года.

Конституционный Суд будет состоять из 11 судей, включая председателя и его заместителя. Четырех судей будет назначать президент, шестерых судей – парламент, по три каждая палата. Председатель Конституционного Суда назначается президентом с согласия сената, заместитель председателя назначается президентом по представлению председателя Конституционного Суда из числа судей.

К кандидату в судьи предъявляются следующие требования: он должен быть гражданином Республики не моложе 40 лет, иметь высшее юридическое образование, высокую квалификацию в области права, стаж работы по юридической профессии не менее 15 лет и безупречную репутацию.

Одно и то же лицо не может быть назначено судьей Конституционного Суда более одного раза на срок – 8 лет.

Компетенция Конституционного Суда шире, чем у действующего Конституционного Совета.

Конституционный Суд, являясь правопреемником Конституционного Совета, будет рассматривать вопросы, которые до изменений рассматривал Конституционный Совет. Это вопросы правильности проведения выборов и референдума, официальное толкование норм Конституции и другие.

Дополнительно Конституционный Суд наделяется полномочием по рассмотрению обращений граждан на соответствие Конституции нормативных правовых актов, непосредственно затрагивающих их конституционные права и свободы граждан.

Теперь каждый, кто посчитает, что нормативные правовые акты (это могут быть законы, инструкции, правила) непосредственно затрагивают их конституционные права смогут обратиться в Конституционный Суд и получить защиту.

Кроме того, в Конституционный Суд может обратиться Уполномоченный по правам человека с вопросом о соответствии Конституции нормативных правовых актов, в целом затрагивающих конституционные права и свободы человека и гражданина.

Конституционный Суд будет признавать НПА соответствующим или не соответствующим Конституции. Акты признанные неконституционными отменяются и не подлежат применению.

Это новые возможности для наших граждан. Такая модель Конституционного Суда имеется в большинстве развитых стран и позволяет установить верховенство права.

Нормативный правовой акт, который по обращению гражданина будет проверяться Конституционным Судом на соответствие Конституции, должен быть ранее применен в конкретном судебном деле с участием этого гражданина. Решение суда по такому делу должно вступить в законную силу.

Конституционным законом оговорены условия, при которых предварительного обращения в суды не требуется: когда есть официальное разъяснение Верховного Суда о том, что другое применение оспариваемого акта не предполагается или положения закона имеют императивный характер, то есть по другому применяться они не могут.

Право обращения в Конституционный Суд получает генеральный прокурор. Он в надзорной деятельности наиболее часто сталкивается с различными нарушениями конституционных прав граждан и может поставить вопрос о соответствии любого нормативного правового акта Конституции.

Конституционный Суд будет рассматривать обращения генерального Прокурора и по другим основаниям – по вопросам толкования норм Конституции, соответствия Конституции международных договоров до их ратификации.

МИНЗДРАВ

В КАКОМ СЛУЧАЕ ШКОЛЫ ПЕРЕЙДУТ НА ДИСТАНЦИОНКУ

РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ САНЭПИДНАДЗОРА КСЭК МЗ РК РОЗА КОЖАПОВА РАССКАЗАЛА, ПРИ КАКОМ УРОВНЕ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ ОСТРЫМИ РЕСПИРАТОРНЫМИ ВИРУСНЫМИ ИНФЕКЦИЯМИ (ОРВИ) ШКОЛЬНИКОВ МОГУТ ПЕРЕВЕСТИ НА ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ ZAKON.KZ.

По словам главы управления санэпиднадзора КСЭК МРК, в текущий эпидемический сезон в Казахстане обнаружена циркуляция двух штаммов вируса гриппа — А (H3N2) и В и ряда негриппозных инфекций, таких, как риновирус, парагрипп, аденовирус, бокавирус и другие.

«Благодаря тому, что уже практически во всех организациях образования предусмотрена возможность обучения в онлайн-режиме, согласно требованиям главного госсанврача, в случае заболевания ОРВИ от 20 до 30% детей в одном классе в один инкубационный период будет дана рекомендация отменить кабинетную систему обучения и не принимать новых детей в класс. В случае роста заболеваемости более 30% обучение будет переводиться на онлайн-формат».

Роза Кожапова

По данным Минздрава, в Казахстане мониторинг заболеваемости ОРВИ и гриппа ежегодно осуществляется с 1 октября по 30 апреля. С начала текущего эпидсезона зарегистрировано 764 247 случаев ОРВИ, заболеваемость в республике на уровне аналогичного периода прошлого года.

По гриппу зарегистрирован 521 лабораторно подтвержденный случай. Больше всего заболевших в Кызылординской области – 128. В Жетысуской области – 84, в Актюбинской области – 69, в Алматы – 60, в Карагандинской области – 41, в Астане – 38, в Акмолинской области – 26, в Костанайской области – 15, в Жамбылской области – 19, в Мангистауской области – 13, в Павлодарской и Атырауской областях – по семь случаев, в Западно-Казахстанской области – шесть, в Северо-Казахстанской области – четыре, в Восточно-Казахстанской и Абайской областях – по два случая.

Среди детей до 14 лет – 179 случаев гриппа, среди беременных – 106 случаев.

На другие негриппозные инфекции обследовано 1202 пробы, из них в 254 пробах (21,1%) установлен положительный результат, в том числе на риновирус – 93, РС вирус – 77, парагрипп – 31, коронавирус – 20, аденовирусную инфекцию – 17, бокавирус – 10, метапневмовирус – шесть.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЯСИ НАУҚАН

САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ АРНАЙЫ СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТКІЗІП, АЛДАҒЫ 20 ҚАРАШАДА ӨТЕТІН КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Дереккөз: Орталық сайлау комиссиясы

Облыстық, қалалық, аудандық сайлау комиссияларының төрағалары, саяси партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан алқалы жиынды ашып, жүргізген Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина алғашқы сөзді ОСК Сайлау процесін ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Сәуле Қазыбаеваға берді. Биылғы сайлауға дайындық, өткізу ерекшелігі туралы айтқан баяндамашы кандидаттығы мақұлданбаған үміткерлерге кедергі келтірген себептерді, халықаралық байқаушыларды тіркеудің тәртібін түсіндірді.

– *Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Заңына сәйкес шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы бекітеді,* – деген Сәуле Тұрсынханқызы аккредитациядан өткен байқаушылардың санын нақтылай кетті. – *2022 жылғы 22 қазанда халықаралық байқау институты ашылды. Халықаралық байқаушыларды аккредиттеу жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де, дауыс беруге 5 күн қалғанда, яғни, 14 қарашада кешкі сағат 18.00-де аяқталады. Бүгінгі таңда Орталық сайлау комиссиясы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, ТМД миссиясы, Түркі мемлекеттерінің ұйымы, ТМД парламентаралық ассамблеясы, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарты ұйымының Парламенттік ассамблеясы сынды 6 халықаралық ұйымнан және Әзірбайжан, Грузия, Палестина, Армения, Мажарстан, Болгария, Ресей, Швеция елдерінен 125 байқаушы аккредиттелді.*

Одан соң кезекпен мінберге көтерілген Жетісу облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары Бақытгүл Нүсіпова мен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Ермек Мизамбаев биылғы сайлауға дайындықтың есебін беріп, мүгедектердің дауыс беруін қамтамасыз етудің жай-жапсарын жеткізді.

Семинар-кеңестен соң Орталық сайлау комиссиясының мүшелері Талдықорған қаласындағы сайлау учаскелерін аралап, дайындығын көрді.

Қарқынды жұмыс жүруде

Түркістан облысында сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп, өңірдегі 1 миллион 165 мың 900 сайлаушыға 919 сайлау учаскесі қызмет көрсетуге дайын тұр.

Осы сайлау учаскелеріне 2700-дей ерікті «AMANAT» партиясының атынан сенімді өкіл ретінде тағайындалды. Бекітілген сенімді өкілдердің жұмысын дұрыс жүргізу мақсатында аудандарда 17, ал қалалық жерде 192 адам жұмыс істейді.

Еске салсақ, 22 қазан күні мемлекет басшысы болуға үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдайтын коалиция құрылды және рухани өңірде қоғамдық штаб ашылып, өз жұмысын бастады. Осыған орай, Президенттікке үміткердің саяси науқан алдындағы бағдарламасын жанжақты насихаттауда облыста 18 штаб және 589 сенімді өкіл үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Олардың арасында «Ақ Жол» партиясының 17 және Қазақстанның Халықтық партиясының 4 өкілі бар. Ал насихаттау барысында штаб мүшелері 1800-ден астам іс-шараға қатысып, өз кандидатының сайлауалды бағдарламасын таныстырады.

Алдағы саяси науқанды жоғары деңгейде ұйымдастыруда аталған партия қазір де белсенділікпен жұмыс істеуде. Осы көрсеткіштердің бәрі еліміздің барлық аймағына тән.

Бағдарламасымен таныстырды

Жетісу жеріне арнайы іссапармен келген Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Жигули Дайрабаев Көксу, Кербұлақ, Панфилов аудандарындағы жұртшылықпен жүздесіп, өзінің сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Оның айтуынша, соңғы жылдары әлемде су ресурстарының жетіспеушілігіне алаңдаушылық артып отыр. Әсіресе, халық саны ұлғайып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қарқынды дамуға кіріскен кезеңде суды пайдаланудың көлемі ұлғайғаны анық. Осыған орай жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы су үнемдеуге көшу керек. Одан басқа жол жоқ. Бұл – аса маңызды міндет. Суарудың су үнемдеу технологияларын толық көлемде енгізу су шығынын азайтып, өнімділікті арттыра отырып, суармалы жерлерді ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретінін алға тартқан Жигули Дайрабаев ауылшаруашылық саласында жаңбырлатып суару әдісін енгізудің тиімділігіне тоқталып, диқандардың еңбек өнімділігін арттырудың жолдарын таныстырды.

Одан соң Алматы облысының Іле ауданына барып, қоғамдық көліктің жұмыс кестесімен танысқан кандидат еліміздегі жолаушылар тасымалы саласы мен жол сапасын жақсарту бойынша атқарар жұмыстарын таныстырды.

Дебатқа шақырады

Биылғы сайлауға «Жалпыұлттық социал-демократиялық» партиясы атынан үміткер ретінде ұсынылған Нұрлан Әуесбаев үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өзін қолдаушылармен кездесулер өткізуде.

Одан бөлек, Нұрлан Әуесбаев әлеуметтік желідегі парақшасына бейнеүндеу жариялап, өзінің әрбір өңірдегі сайлаушылармен кездесіп жүргенін, сондай-ақ, дебатқа түсуге қарсы емес екенін жеткізді.

– *Қазір өңірлерді аралап, жергілікті халықпен өзекті мәселелерді талқылап жүрмін. «Ауыл» партиясынан президенттікке үміткер Жигули Дайрабаев менің сөздеріме ренжіп, ашық дебатқа шақырыпты. Жигули Дайрабаевқа айтарым, менің айтқан сөздерім шындық. Ал, шындыққа ренжуге болмайды,* – деген кандидат өзінің ешкіммен пікірталасқа түскісі келмейтінін, бірақ дебатқа түсуден қорықпайтынын, Орталық сайлау комиссиясынан республикалық деңгейде ашық дебат өткізуді талап ететінін, сол дебатқа Ерлан Қошановты және басқа да салмақты саясаткерлерді шақыратынын жеткізді.

Зияткерлік меншіктің маңызы зор

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына кандидат ретінде қатысып, өзінің сайлау алдындағы бағдарламасын таныстырған Салтанат Тұрсынбекова Алматы қаласында зияткерлік меншікті қорғау мәселелері бойынша кеңес өткізді.

– *Әлемдегі жағдай өзгеруде. Қоғамның өркендеуінің ең үлкен құндылығын қазір табиғи ресурстар, мұнай мен газ кен орындары жасамайды. Ең көп нәтижені жаңа технологиялар, ноу-хау, зияткерлік меншік сияқты білім экономикасы береді,* – деп сөз бастаған құқық қорғаушы әлемдік зияткерлік меншікті қорғау жүйесін, ережелері мен институттарын таныстырып өтті. – *Қазір Қазақстанда зияткерлік меншікті қорғау іс жүзінде жұмыс істемейді. Адамдар бәріне қол сұғуға көшкен. Әсіресе, әлеуметтік желіде жарияланған нәрселер. Фотосуреттер, мәтіндер, фильмдер, музыка мен кітаптардың айналасында құқықбұзушылар көп. АҚШ-та немесе Еуропада платформалар үшін төлем жасамаса немесе фильм билетін сатып алмаса музыка тыңдау немесе фильм көру мүмкін емес. Қазақстанда контент үшін ақша төлеу ұят деп есептеледі. Құқық қорғау үшін сотқа жүгіну мәдениеті жоқ. Мәселен, микротолқынды пеш ұрлағаны үшін адам түрмеге түссе, өнер туындысын ұрлағаны үшін жазадан құтыла алады. Сондықтан бір нәрсені ұрлау – ұят, ал ақылой еңбегінің өнімін сұрамай-ақ тартып алу – қалыпты жағдай болып кеткен.*

Ел тарихындағы орны ерекше қала Алматыда кеңес өткізген Салтанат Тұрсынбекова қала тұрғындарымен кездесіп, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін талқылады. Бұған дейін Астана, Қарағанды, Шымкент қалалары мен Ақмола, Түркістан облыстарына барды.

Еңбек қатынасына өзгерістер қажет

ҚР Президенттігіне кандидат Мейрам Қажыкен облыстық сайлауалды штабтармен zoom-конференция өткізіп, үш облыста өткен сапар нәтижесін, ірі кәсіпорындар қызметкерлерімен, студенттермен, жас кәсіпкерлермен және кәсіподақ мүшелерімен болған кездесулерді таныстырып, сенімді өкілдерінен өңірлердегі штабтар жұмысы туралы есеп алды.

Мұнан кейін кәсіподақтар мен бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездескен кандидат еңбек және әлеуметтік қатынастарды реттеу тақырыптарын талқылады.

– *Әлемдік тәжірибеде екі тарап – жұмыс беруші мен қызметкердің пікірлері бір жерден шықпаса, онда талқылау барысында олар өзара тиімді шешімдерге қол жеткізеді. Осыдан соң олар заң жүзінде, белгілі бір нормалар мен ережелерді қабылдау үшін мемлекетке тең серіктес ретінде көмекке жүгінеді,* – деген Мейрам Қажыкен еңбек қатынасының аса өзекті сала екендігін атап өтті. – *Бұл біз алдағы уақытта қол жеткізетін, тараптардың қарым-қатынасының жаңа форматы болмақ. Алайда бұл қиын жол, себебі көптеген кәсіпкер жұмысшыларға сенбейді және болашақ қызметкерлер де жұмыс берушілерге көп жағдайда сене бермейді. Мұның барлығы өткенде қалуы тиіс, біз бұл тәжірибеден біртіндеп бас тартуымыз керек.*

Сайлаушылармен жүздесті

Сайлауалды науқан басталғалы бері ел аймақтарын аралап, өңірлік сайлаушылармен кездескен Қарақат Әбден Қызылорда, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарындағы сайлаушылармен кездесу өткізеді.

Павлодар қаласындағы «Дарынды балаларға арналған музыкалық колледжде» ұстаздармен жүздескен Қарақат Әбден білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, жастарға ұлттық мерекелерді дәріптеудің маңыздылығын түсіндірді.

– *Мен өзімді консервативті адам деп есептеймін. Өйткені жастармен жақсы жұмыс істеймін әрі жасөспірім балаларым бар. Жалпы, жақсыны жақсы деп, жаманды жаман деп тіке айту керек,* – деген кандидат өз пікірін ортаға салды. – *Алдымызда түкке керегі жоқ «Әулие Валентин күні» деген мереке келе жатыр. Біз өз ұлттық құндылықтарымызды шаршамай айта беруміз керек. Ұлттық мерекелерімізді дәріптеуіміз қажет.*

Бұған дейін жастарға ұлттық құндылық пен салт-дәстүрді үйретуді атап өткен үміткер Қарақат Әбден ұлттық дүниетанымға жат ұғымдарға мемлекеттік деңгейде тыйым салу керектігін айтқан еді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Сурет ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ

АГРАРЛЫҚ САЛА

жаңаша қарқын алмақ

ҮШ РЕТ ЖАБЫЛЫП, ҮШ РЕТ АШЫЛҒАН БҰРЫНҒЫ (ТАЛДЫҚОРҒАН) ҚАЗІРГІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ «ЖЕТІСУ» ДЕГЕН АТАУЫНА ЗЕР САЛСАҢЫЗ ТАРИХЫ ӘРІДЕ ЖАТЫР. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БІР АШЫЛЫП, БІР ЖАБЫЛҒАН ОБЛЫСТЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢІ 24 ЖЫЛҒА СОЗЫЛДЫ.

Талдықорған облысы 1998 жылы таратылып, Алматы облысына қосылған болатын. Құдайға шүкір деп айталық, 2003 жылы Алматы облысының орталығы Талдықорғанға көшкеннен бері қала орталығының реңі кіріп, экономикалық ахуалы жанданып, халықтың демографиялық саны өсті.

Енді Жетісу атауына сәл шегініс жасап тарихи кезеңдерге көз жүгіртсек. Облыс 1867 жылы 23 шілдеде құрылған. Облыстық үкімет 1868 жылы 2 наурызда ашылды. Мемлекеттік кеңестің 1891 жылғы 12 сәуірдегі ең жоғары бекітілген пікірі бойынша Дала генерал-губернаторлығының билігіне беруімен өзгертілді. 1899 жылы 13 шілдеде, 1898 жылы 7 қаңтардағы басқарушы Сенаттың жеке жоғары қаулысына сәйкес Түркістан генерал-губернаторлығының құзырына берілді.

1918 жылы 30 сәуірде облыс Түркістан АКСР құрамына енді. 1924 жылы 27 қазанда ұлттық, аумақтық межелеудің нәтижесінде бөлінді. Облыстың солтүстік бөлігі – Қырғыз АКСР Жетісу губерниясы, ал оңтүстік бөлігі – РКФСР-ге тікелей бағынышты Қарақырғыз АО болды.

Ресей империясының Жетісу облысы солтүстікте Семей облысымен, оңтүстік пен шығысында Қытай жерімен, батысында Ферғана, Сырдария және Ақмола облыстарымен шектесті.

Ауданы – 402,200 км² (353,430 шақырым²).

Әкімшілік жағынан Жетісу облысы 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында құрылды. XX ғасырдың басында облыс 6 уезге бөлінді: олар Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі, Тоқмақ, Пржевал. 1921 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша Түркістан республикасының құрамындағы облыс 7 уезден тұрды: Алматы (Верный) 24 болыс, Жаркент 9 болыс, Қарақол 20 болыс, Қапал (Талдықорған) 14 болыс, Лепсі 9 болыс, Нарын 9 болыс, Тоқмақ 10 болыс болған. Жалпы Жетісу облысының тасқа басылып, қағазға қапталған, архивке жүктелген қысқаша тарихы, міне осындай.

Тәуелсіз мемлекеттің айдарлап қойған Жетісу облысының ендігі ғұмыры қаншалықты ұзақ болары қазақ мемлекетінің құзырында. «Жүрекке жылы, тілге жеңіл» облыс атауының ғұмыры ұзақ болғанын облыс тұрғындары да қалайды. Себебі сонау советтік кезеңнен бері бір ашылып, бір жабылып келген облысты мекендейтін тұрғындардың да салы сан мәрте суға кетіп, күйзеліске түскен кездері аз болмаған.

«Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» құруды басты назарға алған Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл басында жалпы қазақстандық қараша қауым дүрліккен қаңтар оқиғасынан кейін Конституциялық реформалар жасап, 1998 жылдары жабылып қалған Жезқазған, Семей, Талдықорған облыстарының көне атауларын жаңартып, Жезқазғанға – Ұлытау, Семейге – Абай, Талдықорғанға – Жетісу атауын беріп, облыстық статусын бекітіп берді. Құрамында сегіз аудан, екі қаласы бар Жетісу облысының негізгі өндіріс көзі ауылшаруашылық саласы болып саналады. Енді тарихи әпсанасын қоя тұрып, негізгі тіршілік көзі – ауылшаруашылығына бағытталған.

Облыстың жер көлемі 118 648 км², республика бойынша 12-ші орында тұр.

«Бидай қырда, күріш сырда, түрлі жеміс Жетісуда» деген тәмсілдің түптөркіні жері құнарлы, сулы да, нулы өлкеде дәнді-дақылдармен қатар мал шаруашылығына басымдық берілген.

Заман ағымына қарай кәсіпкерліктің қайнар көзінің бірі өнім өндіретін ірі кәсіпорындар Жетісуда саусақпен санарлық қана. Туризм, құрылыс саласымен Текелі қаласындағы кен орындары мен Талдықорған қаласындағы «Қайнар» аккумулятор, бетон және шағын өндіріс орындары болмаса, негізгі тірлік ауылшаруашылығында.

18 893 шаруашылықтың 6191 (ҰММ, ІҚМ) аралас мал шаруашылығы. Мал өнімін өндіретін өндірістер саны 39. Оның ішінде 12 сүт, 11 ет, 3 балық, 1 бал өнімдері, 1 құс өсіру фабрикасы, 1 тері өңдеу өнімдері бар. Жетісу облысы бөлінгеннен бастап экспортқа шығарылған өнімдер көлемі бойынша:

Балапандар – 95000 бас Тәжікстанға;

Құс еті – 54 тонна. Ресей мен Қырғызстанға;

Балық – 32 тонна;

Балық өнімдері – 360 тонна. Дания, Украина және Ресейге;

Жұмыртқа порошогі – 10 тонна;

Қой еті – 50 тонна;

Субпродукты (өкпе-бауыр) 16 тонна Өзбекстан, Тәжікстанға;

Кебек – 862 тонна Өзбекстан, Тәжікстан;

Жмых – 320 тонна Өзбекстан, Тәжікстан;

Жүгері – 455 тонна Өзбекстан, Тәжікстан;

Шрот – 1105 тонна Өзбекстан, Тәжікстан;

Кишечное сырье (ІҚ малдың қатпарлы қарны) – 32 тонна Гонконг;

Қой жүні – 22 тонна. Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Қытай елдеріне экспортқа шығарылуда. Заман ағымына орай экономиканың өсу қарқынын ұлғайту үшін инвестиция тарту басты шарт. *«Бұл бағытта жақында Чехиядан келген азаматтармен кездесу жоғарғы деңгейде өтті»,* – дейді Жетісу облысының ауылшаруашылық басқармасы. Жиында инвестиция тарту, мал сату, ауыл шаруашылық техникаларын жандандыру, балық шаруашылығы бойынша сұрақтар талқыланған. Облыс бойынша мал шаруашылығының саны 6191. Төрттүліктен жылқы, ірі қара, түйе, қой ешкі өсіріп отырған бұл шаруашылықтар мал азығын жеткілікті мөлшерде жинап алғандарын айтты.

Мысалы шөп – 974,3 мың тонна, пішендеме – 103,3 мың тонна, сабан – 175,8 мың тонна, жем-шөпке арналған астық – 214,0 мың тонна және сүрлем 173,4 мың тонна 100%-ға қамтамасыз етілген. Мал шаруашылығынан бөлек, облыста жылдық қуаттылығы 360 млн дана жұмыртқа өндіруге бағытталған «Көгер ЛТД» ірі құс фабрикасы жұмыс істейді. Облыстағы ең ірі аудандар санатында Панфилов және Алакөл ауданы ауызға алынады. Бірі Жоңғар қақпасының аузында тұрса, екіншісі «Жібек жолы» атанған Ұлы Қытай мемлекетімен тұмсығы түйісіп тұр. Аралықты Достық және Қорғас шекаралық бекеті ғана бөліп тұр. Жалпы облыс бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 517,2 мың га құрайды. Бүгінгі таңда дәнді-дақылдар толық орылып, 308,6 мың га 828,3 мың тонна өнім бастырылып, орташа өнімділік гектарына 26,6 центнерді құраған. *«Дәнді-дақылдардың егіс алқабы 1,6 мың гектарға ұлғайтылған. Мәселен, аяқталуға жақын қалған күзгі науқан бойынша дала аруы жүгерінің 42,7 мың гектары немесе 96,1% жиналып, 278,3 мың тонна өнім алынған. Орташа өнімділік гектарына 65,2 центнерді құрайды»,* – дейді Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбеков. Қызылша өнімі бойынша Алакөл ауданы келер жылдан бастап 500 гектарға тәтті түбір өсіруді жоспарлауда.

Аудан бойынша 2022 жылдың өніміне 85038 га егістік жер игерілген.

дәнді дақылдар – 41905 га,

майлы дақылдар – 27215 га,

азықтық дақылдар – 13321 га,

бақша, картоп, көкеніс – 2597 га.

41905 га-ның дәнді дақылдың 41 905 гектары жиналып, 85 086 тонна өнім алынып, орташа түсім 19,9 центнерге жеткен.

Күздік бидайдың 7600 гектары жиналып, 15 124 тонна өнім алынса, 8553 гектар жаздық бидайдың 8495 гектары жиналып, 16 905 тонна өнімнен орташа түсім 19,9 центнер болған. 25094 гектар арпаның 25094 гектары жиналып, 50 190 тонна өнім алынса, 196 гектар сұлының 196 гектары жиналып, 352,8 тонна өнім жиналып, орташа түсім 18 центнерден айналған. Бұдан бөлек майлы дақылдардан күнбағыс, зығыр, майбұршақтардың да көрсеткіші жоғары.

Сарқан ауданы 1200 гектардан орташа есеппен 394 центнерден өнім алып, Көксу зауытына 16 000 тонна өткізсе, Көксу ауданында 1200 гектар-дың 921 гектарынан 23 700 тонна балтүбірді аудандағы қант зауытына өткізген. Орташа есеппен 259 центнерден өнім алуда. Қызылша науқаны әлі толық аяқталған жоқ. Облыс бойынша қант қызылшасының 3,0 мың гектары немесе 69,8% жиналып, зауытқа 105,1 мың тонна өнім өткізілсе, орташа өнімділік гектарына 350,0 центнерден айналған.

Сондай-ақ майлы дақылдар (96,1 мың га), картоп (11,8 мың га), көкеніс (7,3 мың га), бақша дақылдары (1,8 мың га) толығымен жиналып алынған. Аграрлық саланың қарқын алуы заманауи техникаларға жүгініп, егістік көлемін ұлғайтып, ғылыми негіздегі тыңайтқыштар арқылы жердің құнарлығын сақтай отырып мол өнім алу. Бұл мақсатта жаңа шаңырақ көтерген Жетісу облысы келер жылға жан-жақты жоспарлар құрып, ауылшаруашылығын ірі корпорацияларға айналдырып, инвестиция көптеп тартуды басты назарға ұстап отыр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Сурет ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 14 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 03.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Жүрегімнің жауһары»
14.10 «Апта»
15.15, 03.00 «Соңғы алма» арнайы жоба
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.35 «Сана» Ток-шоу
02.10 «Өмір көркем»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Безумный куш»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «Кто ты?»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Уақыт келді» ток шоу
14.40 «Радной ребенок»
17.40 «Кішкентай келін»
18.55 «Любимая учительница»
20.00 «Astana Times»
02.15 «Окно жизни»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Все что захочешь»
14.10, 02.25 Новости
14.20, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-14»
01.00 «Ментовские войны-3»
01.50 «Триггер»
02.40 Сериал «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Жат туыстар»
08.20 «Кейс»
12.00 «Ты только верь»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Бедная Саша»
00.00 Х/ф «Пулт»
01.35 «Верни мою любовь»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Жаңа Қазақстан»
14.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Елге қызмет» (тікелей эфир)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.10 Сериал «31 әзіл»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.00 Сериал «Невиновный»
12.40 Кино «Шестой день»
15.30 Кино «Проект а»
17.50 Х/ф «Охотник на монстров»
20.00 «Информбюро
21.00 Х/ф «Жажда смерти»
23.20 Т/х «Зейнеп»
00.20 «Анупама»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10 Сериал «Солнечный ноябрь»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Бұл өмірде»
15.40, 22.20 «Өсекшілер»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Солнечный ноябрь»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Утерянные карточки допуска (международные перевозки грузов) ИП «Раджапов А. Г.» за №054651 – 054652 считать недействительными.

Сейсенбі - Вторник, 15 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.25 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Жүрегімнің жауһары»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15 «Тіршілік»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.15 «Ауылдастар»
20.30 «Берекет кілті-бейнет»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 «Одна книга»
10.35 Мультсериал
11.00, 22.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Референт

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.20 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.00 «Бақыт құшағында»
17.40 «Кішкентай келін»
18.55 «Любимая учительница»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
03.20 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Все что захочешь»
14.10, 02.25 Новости
14.20, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-14»
01.00 «Ментовские войны-3»
01.50 «Триггер»
02.40 Сериал «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Жат туыстар»
08.20 «Кейс»
12.00 «Ты только верь»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Бедная Саша»
00.00 Х/ф «Пулт»
01.35 «Верни мою любовь»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.10 Сериал «31 әзіл»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.00 Сериал «Невиновный»
12.40 Кино «Шестой день»
15.30 Кино «Проект а»
17.50 Х/ф «Охотник на монстров»
20.00 «Информбюро
21.00 Х/ф «Жажда смерти»
23.20 Т/х «Зейнеп»
00.20 «Анупама»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10 Сериал «Солнечный ноябрь»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Бұл өмірде»
15.40, 22.20 «Өсекшілер»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Солнечный ноябрь»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 16 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Жүрегінің жауһары»
14.10 «Қызық екен...»
15.15 «Әйел әлемі»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Помощь в дом»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.00 «Бақыт құшағында»
17.40 «Кішкентай келін»
18.55 «Любимая учительница»
20.00 «Astana Times»
21.00 Т/х «Жетім жүрек 2»
03.10 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.40 Сериал «Убойная сила»
13.10 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-14»
01.00 «Ментовские войны-3»
01.50 «Триггер»
02.40 Сериал «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.50 «Жат туыстар»
09.10 Вечерние новости
09.50, 00.00 Х/ф «Пулт»
11.50 «Бедная Саша»
14.00, 01.35 Х/ф «Верни мою любовь»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Бедная Саша»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.20 «Әзіл студио»
06.30 «Заманауи мәдениет»
07.00 «Таңсәрі»
09.00 31 әзіл
10.00, 10.30 Мультсериал
10.30 «Невиновный»
12.00 «Проект А»
14.30 «Лорд дракона»
17.00 Х/ф «Годзилла»
20.00 Информбюро
21.00 «Анаконда»
23.00 Т/х «Зейнеп»
00.00 «Анупама»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Солнечный ноябрь»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Бұл өмірде»
15.40 «Өсекшілер-2»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ БИ ТЕАТРЫ

Талдықорғанда өнер көрсетті

Қазақ балет өнерінің майталманы, Қазақстан Республикасының халық әртісі Болат Аюханов негізін қалаған ҚР мемлекеттік академиялық би театры гастрольдік сапармен Талдықорған қаласына келді.

І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында өткен кеште ине шаншырлық орын болмады. Оған себеп, «Gala Ballet» классикалық балеттың жауһарлары таңдаулы туындыларын қала тұрғындарының назарына ұсынды. Концерт барысында 40-қа жуық бишілер өнерлерін паш етті. Келген әрбір адам классикалық және заманауи балет атмосферасын сезіне алды. Атап айтсақ, австриялық композитор Густав Малердің музыкасымен қойылған «қызыл және ақ» композициясын прима-балерина Гүлнәр Камалова мен балеттің жетекші әртісі орындады. Махаббат хикаясының тамаша көрінісі көптің көңілінен шықты. Сондай-ақ балет әртісі Мәди Қасымов пен Сымбат Мақсұт суретші және аққудың бейнесін жоғарғы деңгейде орындап шықты.

Кештің соңы өзіндік ырғағы бар, мәнерлі, ұлттық «Ер-Тұран» биімен аяқталды. Театрдың атын шығарып жүрген бұл туынды еліміздің, Еуропаның ірі қалаларында орындалып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген. Ұлттық бидің сан қырлы ішімдері мен көркем музыка көрермендерді еш уақытта бейжай қалдырған емес, костюмдері де көз тартарлық. Ұлттық нақыштағы би мен музыканың үйлесіміне қарап, би үйретуіші А. Садықованың шеберлігі мен қазіргі заман хореографиясының жоғары деңгейге көтерілгенін бағамдауға болады. Қайталанбас пластикалық би өрнегі мен бишілердің көркем бейнелері көздің жауын алып, ұлттық бидің бірегей үлгісін паш етеді. Туындының тартымдылығы мен ой тереңдігі көрерменнің көңілін тербеп, тамсандырмай қоймады.

«Бұл салада өнер көрсетіп жүргеніме сегіз жылдай уақыт болды. Бүгінге дейін біз Қазақстанның көптеген қаласына гастрольдік сапармен бардық. Соның ішінде Шымкент, Түркістан, Семей, Павлодар қалаларында болдық. Бұл соңғы гастроліміз. Алдағы уақытта басқа қалаларға да сапарлайтын боламыз. Мәселен, елордаға барып, үлкен кеш өткізу жоспарымызда бар», – дейді балет әртісі Олжас Атишев.

Атап өтейік, 55 маусымда балет театры еліміздің әр қаласында гастрольдік сапармен болды. Ендігіде академиялық би театры өзінің 56-шы жылдық мерейтойын атап өтуді жоспарлауда.

Балетшілердің репертуарында әлемдік және отандық классиканың жауһарлары, бірегей хореографиялық қойылымдар көп. Олардың сан-алуандығы, бишілердің шеберлігі, сахнаны безендірудің көркемдік биігінің арқасында ҚР мемлекеттік академиялық би театры өз елінде ғана емес, шет елдерде де зор қошеметке ие.

Арайлым НҰРЖАПАР

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлия Байтемірова, қала тұрғыны: *«Өнерсүйер қауым үшін балет жұлдыздарының қаламызға келуі өте үлкен мереке. Әсерлі қойылымдарды тамашалау үшін билетті алдын ала алып қойдық. Және осы күнді асыға күттік. Мұнда әр туындыны тамашалай отырып, жүрегім елжіреп, көзіме еріксіз жас келді. Өзімді мұндай күйде сезінгенім – әртістердің хас шеберліктерінің арқасы ғой деп білемін. Балет әртістеріне шығармашылық табыс тілеп, одан әрі көрермендерді қуанта беруін тілеймін».*

МЕДИАЦИЯ

МӘМІЛЕГЕ КЕЛТІРУШІ ТҰЛҒА

Бүгінгі таңда халқымыздың «Көңіл сыйса бәрі сыяды» деген дана қағидасының мәнісі көмескіленіп бара жатқан сияқты. Өйткені, күнделікті сот отырыстарындағы көріністерден кейін осындай ойға оралуға тура келеді. Түймедей нәрсені түйедей мәселеге айналдырып, соттың есігін тоздырып жүрген азаматтарды көргенде іштей налисың.

Атшаптырым ауланы бөлісе алмай сотқа шағымданып жүрген көршілерді, көпқабатты үйде тұратын көршілердің төбеміздан тарсылдатып-дүрсілдетіп, мазамызды алады деген тағы сол сияқты тұрғындардың талаптарын талқылау барысында осындай болмашы мәселеге байланысты көршілер кикілжіңін сотқа сүйреп, дабыратпай, ушықтырмай өзара байыппен отырып шешуге әбден болатынына көз жеткізесің. Сыймай жүрген емес, сыйыса алмай жүрген көршілер дауын, ортақ мәмілеге келе алмай жүрген екі тараптың болымсыз дауын сотқа дейін жеткізбей, екі жақты да қанағаттандыратындай ортақ шешімге келтіріп, қысқа мерзімде әрі қаржылық шығынға ұшыратпай шешуді жүзеге асыратын медиация тәсілі біздің елімізде де кейінгі жылдары кеңінен қолданыла бастады. Дауласушы жақтарды мәмілеге келтірумен бейтарап өкіл медиатор айналысады.

Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті. Оның үстіне медиация арқылы қарау қысқа мерзімде аяқталады. Сондықтан медиация барлық жағынан сот саласында қолдануға тиімді болып отыр. Тарихта белгілі болғандай ел ішіндегі кез келген даулы мәселелер мәмілегерлік, өзара түсінушілік, бітімгершілік жолымен шешіліп отырғандықтан ағайындар арасында алауыздық тумай, ұзақ жыл береке-бірлікте өмір сүрген. Кешірімділік, кішіпейілділік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Сондықтан тараптар татуласудың тиімді тәсілі болып табылатын медиация арқылы бітімгершілікке келіп жататын болса біздің елімізде де сот жүктемесінің азаюына жол ашылары даусыз.

Атап айтсақ, азаматтық істерде сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан, істі апелляциялық, кассациялық сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың әрқайсының өзінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қарау бірнеше айға, ал, кейбір жағдайларда жылға созылып кетеді. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді. Екі тарапқа да қолайлы шешім қабылдауға қол жеткізіледі.

Жанар ЖҰМАҚЫН,
Жетісу облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

МАМАН МІНБЕРІ

МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Музыка сабағы мектептегі басқа пәндерге қарағанда оқушыларға ерекше әсер етіп, олардың ой өрісінің дамып, шығармашылығының қанаттануына зор ықпал етеді.

Дұрыс ұйымдастырылған музыка сабағы арқылы оқушылардың бойында адамгершіліктің, жоғары мәдениеттіліктің негізі қаланып, саналы, тәртіпті, ақылды болып өсуі қалыптасады. Музыка сабағы бірнеше іс-әрекеттен тұрады. Ән айту, музыка тыңда, музыка сауаты. Осы негізі іс әрекеттерді жүзеге асыру үшін қосымша дауыс жаттықтыру, шығармашылық тапсырмалар, музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалық ойындар қолданылады. Әр іс-әрекетті ұйымдастыруда кіріспе әңгімелер, талдау жұмыстарды бір-бірімен тығыз байланыстыра отыру керек.

Музыка сабағы басқа пәндердей емес, көбіне ауызша, практикалық түрде оқушылардың есту, ойлау қабілетінің негізінде өткізіледі. Оқушыларды музыка әлеміне терең бойлап, түсініп қабылдауға, талғамын арттыруға, эмоциялық сезімдерін қалыптастыруға және жан-жақты білімді, мәдениетті болып өсуіне зор ықпал ететін музыка сабағының орны ерекше.

Маңызды міндеттерді орындау үшін баланың бойындағы қабілетті дамытуда музыка пәнінің мұғалімі сегіз қырлы бір сырлы болуы тиіс.

Ш. МҰҚЫШЕВА,
Екіаша орта мектебінің ұстазы.
САРҚАН АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВЕЛЛА

Сандық

Екі мың шақырым жерде отырып та тума-туыстың даусын естіп қана қоймай, бет-жүзін де көрсететін қолтелефонның құдіретінен бұрынғыдай сағынып үлгермей ме, әлде «баяғыдай емешегі езіліп, өндіршегі үзіліп күтіп отырған кім бар дейсің?..» деген ой о бастағы елжіреуік көңілін бастықтырып тастаған ба, Сая соңғы жылдары түкпірдегі ауылына сирек келетін болған.

Алыстан теректері санап алардай көрініп, көлік жүріп өтсе болды, шаңы шошымал болып аспанға шапшитын, қара жолы шұбалған ауыл баяғысы екен, түк өзгермепті.

Ағасының несие алып ескі үйге жөндеу жүргізгенін естіген еді, «бәрің көшіп қалаға кеттің» деп жапанда жабырқамай-ақ, қара шаңырақты жықпай отырған ниетіне іші елжірейді. Қырық жылғы ақ сыры сарғайып, сызат-сызықтарының үстінен қап-қара шегесі бадырайып көрініп тұратын баяғы бөренелерді осы күнгі биттің қабығындай жұқа төбежабынмен жауып, тегістеп қойғанының өзі ескі қонысқа өзінше ажар беріп тұр. Әр жерінен ұсақ дөңгелек шамдар жарқырап, осы күйінде төбенің аласарып қалғаны да байқалмайтындай. Бірі ақ бірі көк сырмен боялған, қырық жылғы ағаш есіктердің орнына салған қытайлық арзан есіктен олақ есікшінің қолы көрінеді, қиюласып жабылмайтын тұтқаларына шүберек байлап қойыпты.

Пластик терезелерден еркін құйылған күн сәулесі үй ішін жап-жарық қылып, терезе жабынның алтын зерлі шашақтары жалт-жұлт етеді.

Саяның көзіне бөлмелер де кеңіп қалғандай көрінді. Көңілі көз үйренген суреттің орнын іздей ме… Мына бұрышта о заманғы демесең, міні құрымаған сары буфет тұрушы еді, сарайға жылжыпты. Беті лакталған шкаф та көзге түспейтін жерден орын тауыпты. Ал енді мына жерде… бірінің үстіне бірі мінгескен екі сандық тұратын. Әжесінің сандығы. Астындағысы бетіне жезден өрнек салып, шеттерін темірмен айқұш-ұйқыш қапсырып шыққан көне сандық еді. Көзімен іздеп көрді де, келесала сандық іздеп кеткені ерсі көрінер деп сыпайы қонақтың кейпіне еніп, басылып отырды.

Дәу қара сандық қораның бір бұрышында қалыпты. Айналасында қытқыттап тауықтар жүр. Бұл ес білгенде ішінде атасынан қалған тұлып пен сәнді ер-тұрман жататын. Сая жақындап келіп бір шетіндегі алақандай тесікке үңіліп еді, іші жемге толы, тауықтардың сандықты айналшықтап жүргені содан екен. Есіне түсті, баяғыда оқушы кезінде бір келгенде үй ішін әктеп, жинастырып, бөлмеге үйлеспей тұрғандай көрінген сол ескі сандықты шығарып тастайық дегені бар Саяның. Сол кезде әжесі бұған жалт қараған.

– Ие деген, ол сандықта не шаруаң бар? Осы үйдің билігі саған қалған ба?

Осылай дегенде әжімді жүзіндегі отты, өткір көзінен қаймығып қалғаны есінде.

– Мен өлгесін онсыз да шығарып тастайсыңдар ғой. Қазір шаруаларың болмасын!

Көзі кеткесін сандықтарына да орын табылмайтынын білген екен-ау әжесі.

Осы қара сандықта Саяның өзіне мәлім бір сыр бар. Бірде сандық түбінен әлдебір солдаттың майданнан жазған хаттарын тауып оқыған.

Дұғай сәлем жазамын сүйген жарға,
Сағынышым жүк болып ат пен нарға.
Жауды жеңіп, оралса туған жерге,
Ер жігітте, шіркін-ай, арман бар ма?..

– деп төгіліп кететін өлеңмен жазған сол хатты оқып, айран-асыр болған. Әжесінің танымайтын адамнан келген бұл хаттарды сақтап жүргеніне өкпелеп қалғаны да бар. Саяның ескі хатты оқып қойғанын білген әжесі қатты ренжіген. Кейін ол хаттар жоғалып кетті.

Осыгүні ғой… әжесін күйеуі соғыста шейіт кеткен соң басқа адамға тұрмысқа шықса да, осы жылдар ішінде санасында сарытап болып бұғып қалған сағынышы мен сезімін аялап жүрді ме екен деген ойдан іші елжіреп кетеді.

Бірде күніге екі рет бір-бірінің халін сұрап, шай ішіп жүретін үш-төрт кемпір моншаға түспек болды. Әжесін жуындырмаққа Сая бірге кірді. Он үшке енді шыққан қыз үшін кәрілердің әңгімесі қашанда қызық, әсіресе тарамыс қараторы әжей мен бары аузында жүретін салдырлаған аққөңіл әженің әңгімесін тыңдауға құмар. Өз әжесі тұйық, кешкен ғұмыры, көрген бейнеті, татқан дәмі туралы о бір жылғыны айтып, кәрі жүйкесін босата бермейді кейде: «Қайдағыны қозғап, не айтып отырсың?» – деп аққөңіл әжейді тыйып тастайтыны бар.

Төрт кемпір ақ будың астында пысылдап, ыңқылдап, үнілеп жүріп, жуынып жатты.

– Біз байғұс ағаш болып кеуіп қалғалы қашан, бізге тіпті кір де жұқпайды-ау дейм, – деді тарамыс кемпір қызыл иегін көрсете күліп. Монша іші шылп-шылп, легенді қолапайсыз ұстап, кейде құлатып алғаннан қаңғыр-күңгір. Бу арасында біреуі өкшесі тайып сүрініп кете жаздап, Сая ұстап қалды.

– Көп жаса, айналайын.

– Қой, ыстық екен, көп жүрмей шығайық, кілең терісіне ілініп әрең жүргендер құлап қалармыз да Саяжан-ға бейнет болармыз, – деді бірі.

– Соны айтшы, өзімді өткен жұмада ғана келінім суға түсіріп, жуындырып алған. «Шеше-ау, қу сүйек болып қалыпсыз ғой», – деп… Бәлду-бәлду бәрі өтірік, біздің толықсыған керім келіншек болғанымызды көргендер де қалмады ғой, бәрі кетті, – деп мұңайған тарамыс әже. – Кейінгілерге шешеміздің осы күйімізде туғандай көрінеміз ғой. Мына қызым таңғалып қарайды, біз де сендей қыз болғанбыз, қарағым, – деді қолтоқпақтай қара кемпір бұған пейілденіп қарап. Сол кезде ақ будың арасында тұрса да кәрі адамның бетіндегі әжімдері таралып, бұрынғыдан жасарып, жанарына нұр үйірілгендей көрінді Саяға. – Сендердің замандарың жақсы, біз ғой ерте есейдік, күйеулерімізді соғысқа жіберіп… ерте қартайдық. Әйтпесе, біз де кезінде жапжас, әдемі болғанбыз.

Сая бұл әжелердің әжім жапқан жүздерін, жастай колхоз жұмысының ауыр бейнетіне жегілгеннен қарайып, майысып кеткен саусақтарын, суық өткеннен тізесі ұстамай әрең басылатын шидей аяқтарын күнде көріп, сирек ауыстыратын көйлектеріне, сол көйлектерден шығып тұратын күн мен тер, ащы құрт араласқан иісіне де үйренген. Енді оларды киімсіз көріп тұр.

Ағарып кеткен сирек шаштар, кедірбұдыр омыртқаға тарам-тарам шашылып, башпайлары мен өкшелері кәрі ағаштың тамырлары сияқты бұратылып, саусақтары жер түстеніп кеткенімен, кәрі кісілердің денелерін күн шалмаған. Бұның алдында тұрғаны – бір кездері сұлу болып, сымбатымен көз арбаған әйел денелерінен қалғаны. Осы қисық-қисық сүйектер мен әбден босап, салбырап, шалбарланған теріден бір кездегі жастық пен сұлулықты қалай аңдауға болады? Осы сәтте «Қартайғанда мен де осындай олпы-солпы, мыж-тыж болам ба?» деген ойдан Саяның арқасы мұздап кеткені есінде. Жоқ, ол қартаймайды. Мүмкін, қартаятын шығар, бірақ кейін… жүз жылдан соң, бәлкім…

– Мен де қараторының әдемісі болғам. Шалым: «Қыпша беліңе қызықтым ғой», – дейтін, ах-ха-ха. Сөйтіп, қойдың алдынан шыққан кезімде ен далада көршісінің атына салып, алып қашты ғой, ой, жалған-ай, ол дәурен де өтті де кетті…

– Бізді қойшы, мына кісі тіпті керім сұлу болып еді, жанары жарқыраған, шашы қандай еді, бұрымы тоқпақтай, ақ күмістен соқтырған сырғасы жарасып, ой дүние-ай… – деп аққөңіл кемпір Саяның әжесін иегімен нұсқаған. – Баяғы керім шебер зергердің қолынан шыққан сол сырғаң бар ма, жеңеше?

Жас кезінде алтын-күміс тағынып кербезденгені шамалы, қазір де қызақайлығы жоқ Саяның әжесі:

– Тұрған шығар бір жерде… – деген немқұрайды.

– Қой, қара сандығыңда жатқан шығар. Ол сандықта не жоқ дейсің?

– Иә, жеңешеңнің қара сандығынан орыстың басынан басқаның бәрі табылар. Кезінде сол қара сандыққа жинап сақтаған тамақ осы ауылдағы талай адамға әл бергенін, сол қара сандықтан шыққан көйлек-көншектің талай жетімді жылытқанын көрдік қой, – деп қызыл шырайлы жастауы оттың астын қарап келіп бір әңгіменің ұшын шығарды: – Ол кездегі сандықтар да бөлек қой, құрт-құмырсқа кірмеу үшін су құйып көреді дейді, рас-өтірігін білмедім.

– Қара талдың сүрегінен жасаған кәдімгі сандық емес пе?

– Е, білмеймін, әйтеуір, тамақ салсаң – бұзылмайтын, киім салсаң – міні құрымайтын бір керімі бар еді, –

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВЕЛЛА

айтпақшы, апау, баяғыда Әбен деген оқымыстыны ескі мешіттің кітаптарын оқып жүр деп қудалаған кезде сол сандыққа жасырып, қашырып жіберді деген не әңгіме осы? Сонда осы қара сандыққа жасырыпты дейді, ауа кіріп тұратын жері болды ма өзінің?

– Иә, бұл апамдар талай адамға жақсылық жасады ғой. Сол оқиғаны Жақай қарт айтып отыратын. Менің де естігенім, әйтпесе бұл кісілер сыр ашпайды ғой… уфф, жүрегім қысылып кетті, – деп тарамыс кейуана ауыз бөлмеге беттеді. Қызыл шырайлысы қайтадан:

– Ие, рас, сол Әбен кейін балалы-шағалы болып, қызметке де тұрыпты. Сөйтіп, бір азаматтың басын нақақ жаладан сотталып кетуден сақтап қалған қара сандық ол, – деп әңгімені қыздыра бергенде әжесі килігіп:

– Әй, қызыл келіншек, сенің де есіңе алмайтының жоқ. Баяғы өткенді қозғап қайтесің, өтті ғой небір қыспақ заман, енді келмей-ақ қойсын! Одан да келіп арқамды ыс, мына бала қатты ысып жүрер, сен ыңғайын білесің ғой, – деп оның сөзін үзіп жіберген. Сол күні он үштегі қыз моншадан есейіп шыққандай болды. Балалығы ма, әлде бейқамдығы ма, әжесінен оңашада қара сандық туралы сұрау Саяның ойынан шығып кетіпті.

Сандықтың екіншісін мақыра-мүкәммал тұратын ескі шоланнан көрді.

Төртбұрышты мыс жапсырмалар салынып, орта тұсын қатырма өрнекпен бедерлеген сандық қараңғы бұрышта тұр екен, құлпы жоқ, ашық. Ескі-құсқы киім бе, көліктің темірі ме, бірдеңелер үйіліп көрінеді. Жасалғанына жүз жыл асқан сандық әлі қызмет етіп тұр.

Әжесі осы сандықты қалай жақсы көруші еді. Есікті ішінен іліп алып, түн демей, таң демей, сандықтың ішіндегісін шықыр-шықыр еткізіп, құдайдың құтты күні ақтарып жатушы еді. Кейде ол шықыр біразға дейін үзіліп қалатын, шамасы, сандықтан әлдебір затын шығарып алып, үнсіз тамашалап, ұзақ отыратын болу керек. Сол кезде Сая мына жақта жатып алып, «үлкен кісі сандықтан не іздейді екен, оның ішінде соншама не бар?» деп ойланатын, өйткені әжесінің сауысқан сияқты жылтырағанды іліп алып, сандыққа сала беретін мінезі жоғын білетін. «Сонда не іздейді екен сандықтан?» Бұрынғыдай зілбатпан көрінбейтін сандықтың темір құлақтарын ұстап аз-кем бөгелді. Сүрдің иісі мен ескі-құсқының иісі шығатын шолан іші сәуірдің сызы тарап үлгермегеннен әлі салқын болса да, тоңа қоймады. Әлдеқайдан ескен майса самалдай төңіректеген естелігі жанын жылытқан.

Тоқсаныншы жылдары бұл ауылда бәрі қат болатын. Жалғыз дүкен жабылып, жұрт азықты коммерсанттардан алатын. Онда да бала сүйетін тәтті-құттыға ақша ауысса де, әйтпесе, рожки мен шай-шекерден тарықпаса, ол да – олжа болған кездер. Кейде әжесі сандығын ашып, балашағаны жарылқайтын. Осы жолы да жаулығының астындағы селдір ақшулан бұрымының ұшына байланған кілтшені құлыпқа салып, сырт еткізіп ашқан сәтте нафталиннің иісі мұрынды жарып жібере жаздады. Алдымен қызыл қоңыр мақпал, жасыл барқыт, гүлді жібек дейсің бе, құшақ матаны бір шетке үйді. Сая осы үйілген матаның арасындағы тым шымқай түсін көз жатырқайтын жасыл плащ пен сұр пальтоны ешкімнің үстінен көрмеген. Этикеткасы түгел болғанына қарамастан, алпысыншы, әлде жетпісінші жылдардың сәні болса да, Құдай біледі… Әжесінің сандық ашқан сайын бір бума ақ матаны алақанымен сипап өтетін әдеті. Бұнысы – «кебінім ғой» деп әспеттеп, арасына қалампыр салып жинап қойған кәдімгі ағзон мата. Келіні мен қыздарын шақырып алып: «Ертең мен өлгенде ішіме кіретін жеті адамға үлестіретіндерің», – деп тәптіштей беретін таза маталар мен «Қарама, үшіме пайдаланып, жеті күндігімді бергенде қазан басындағы келіншектерге үлестіресіңдер», – деп жинап қойған пілдің суреті бар шайлар мен ақ орамалдар бір шеттен көзге шалынды.

Әжесінің бойы шағын. Екі қатар сандықтан қолына алдымен пешеней ілінді. Қашаннан тұрғаны белгісіз кәбірешке жұп-жұмсақ болып үгіліп тұр. Аузына салып еді… біртүрлі сабынның дәмі шығады. Сая пешенейді жұта алмады.

Мұны жеген адамның аузы көпіретіндей. Мұнысы несі? Әжесімен жағаласып бұл да сандықтың ішіне еміне түседі.

– Қайда барасың, ей, бала, қақпағы жабылып қалып мойның үзілер.

Сол бойда мойнын тартып алғанымен көзі шалып үлгерді, пешеней тұрған жерде дөңгелек сабын жатыр екен. Әжесі оны «енди» сабын дейді. Сол заманда қолға түсе бермейтін сабынның төресі. Әжесі әуп деп сандық түбіне ұмтылып, бір дорба толы жаңғақ алып шықты. «Алақай!»… Ауыл баласы үшін жаңғақ шаққаннан асқан мереке болушы ма еді! Немересі бар, жиені бар, төрт-бесеуі, ал кеп үймеле! Жаңғақты ортаға алып, бір-біріне ұрғылап, қатты қысып, пышақпен әурелеп ашып жатыр, ашып жатыр. Шырт-шырт. Шырт-шырт. Анаусын ашса да – бос қауақ, мынаусын ашса да – іші қарайып кеткен, бос. Қайран әжесі осыдан екі жыл бұрын бір қонақтың әкелген сәлем-сауқатын бала-шағаға кейін бір берермін деп сандыққа салып, сол күйі ұмыт қалса керек. Әйтпесе, оңашада жаңғақ шағып, кәрі етіме қуат болсын дейтін адам емес, оны шағатын тісі де жоқ қой. Еріп, езіліп, бір-біріне жабысқан кәмпиттерді де балалар ақыры жемеді, сабын дәмі шығып тұрғандықтан, пешеней де желінбеді, ішінен бір дәнегі шықпаған жаңғақтың қабығы ол жатыр шашылып. Қалайда немерелерді қуантайын деген кемпір үнілеп қойып, сандықты ақтарып-ақтарып, екі консерві томат шырыны мен бір банка абрикос компотын алып шықты. Компоттың суы мөлдіреп тұр екен.

Балалардың көздері шырадай жанып, даурығып, олжаларын ортаға алысты.

Әжесі ақтарған кезде шығып қалған кестеленген ақ сүлгілерін, сәбет заманында дүкеннен алған аппақ жамылғы, ешуақытта ұсталмаған сүт құятын су жаңа бидонды қайтадан орнына салып, қолына «енди» шайын ұстаған күйі тысқа беттеді.

«Енди шай» – әжесінің «көңіл-ашары». Баяғыда үнді шай таптырмайтын кезде де Саяның атасы Оралға барып, айдаладағы танымайтын орысқа ақшасын беріп күтеді екен, сол заманның адамдары да бөлек пе, әлгі орыстар екі күн өткенде елу грамдық кірпіш шайдың поштаның сары қағазына ораған бес келілігін әкеліп беретін көрінеді. Осы әңгімені айтқан сайын әжесі «енди шайдың» дәмі таңдайына жағып, тамсана түседі.

Әжесі түске таман аман-саулық сұрауға кіретін дос кемпірлердің алдына жаңа тартқан қаймақ, екі түрлі талқан қояды. Кейде Сая талқанның біреуін дастарханға әкелмей қалатын кезде әжесі бірден байқайды.

– Екеуі де талқан емес пе, бір түрін қойса жетпей ме?

– Баламысың деген, – әжесі басын шайқайды, – бірі тарының талқаны, бірі бидайдың талқаны емес пе?

Қайнатқан құрт та екітүрлі, бірі – тұзды, сұйықтау құрт, сорпаға тәуір дейді, бірі – қант салып сап-сары қылып қайнатқан тәтті құрт. Шайтабақтың көлеміндей дөңгелек сарысекердің қасында арнайы қысқышы жатады. Мұның бәрі шайға келетін кемпірлер үшін, әйтпесе әжесінің шайға тәтті салғанын көрген емес. Бұл көргелі тұз салып ішеді. Базары тарқаған шағында көрген жалғыз рахаты осы секілденіп, үлкен кеседегі қою шайды қабағы жазылып, маңдайы жіпсіп, былайғы уақытта сұсты жүзі жұмсарып отырып сораптар еді. Шоқсамаурын әндетіп тұрады. Тасқұман да шоқтан түспейді.

Шоқтың иісі мен әжесі тасқұманға салған 2-3 түйір қалампырдың иісі мұрынға қатар келетін. Сүттің қою қаймағын салып, қызылкүрең түсін келтіріп, кесенің ортасына жеткізбей құймасаң, бәлеге қаласың. Бабын келтірер келіні болмай қалғанда, Саяның шүпілдетіп құйып берген шайын ішпей, ұрсып қайырғаны бар. Осының бәрін көргеннен бе, Саяға шай құю да, шай ішу де шартты ережелерден тұратын, асықпай жасалуға тиіс салт-жора сияқты көрінетіні бар. Әжесінің шай ішкені де ерекше. Дәмін келтіреді деп шайға тары салып (өзінің келдекке барып жинап әкелген, аптап ыстықтың астында қазандыққа қуырып, түйіп, ақтап, әбден еңбегі сіңген тарысы), тұмауға жақсы деп пияз турап, нан қиқымын қоса салған кезде әжесінің шайы жуындыға ұқсап көрінеді. Онсыз да азғантай шай мүлде азайып, бір жұтқаннан қалмайды.

Кемпірлер көбіне бестің шайына келеді. Тура бір уағдаласқандай немесе бәрі бір үйде тұратындай, есіктен бір мезгілде бірге кіретіндері қызық. Сая олардың есік алдында жататын кәлөштеріне дейін таниды. Бірі шүйкесін шығарып, бірі ұршығын ыңғайлап, құнжыңдасып, Саяның әжесі өрнек салып, әдемілеп тіккен құрақ көрпеге отырады. «Апамның қарынға сақтаған майына жететіні жоқ», – деп жаңа піскен таба нанға сары майды жағып жатып, қызыл шырайлысы жайраңдай күліп, естіген жаңалығын ортаға салады.

– Көршісінің қызына Қособадан құда түседі дей ме?..

– Бағы ашылсын, қыз кетсе қуанам, – дейді әжесі қашанғы әдетімен.

– Мәкөштің былтыр қысыр қалған сиыры бұзаулапты.

– Бала-шағасының аузы аққа жариды екен, тәуір бопты…

– Ана көшенің басында үлкен мәшине тұр, шамасы, мал алатындар-ау…

– Е-е, қайбір қарық қылады дейсің, үш жыл баққан малды су тегінге сұрайды, одан өзің бірдеңе қылып қалаға апарған жақсы, – мұны айтқан қараторы әжей өткен жолы сатқан сиырының ақшасы дым болмай қалғанын айтып кетті.

Әңгіме қызған сайын мойындар қызара терлеп, орамалдар самай жаққа жиі барғыштап, шай ішіле түседі. Шай ішілген сайын күлкі молайып, арасында «ойпырым-ай!», «не дейді, көтек!», «пой-пой, шіркін деші!» деген сөздер жиі естіліп, әңгімеге жан кіре түседі. Әжесі кейде бұл естімеген жаңа мақал айтып, айтқан сайын: «Бұрынғының сөзінің бір қатасы жоқ», – деп таңдайын қағады. Тізе қақсағанда, бел шойырылып, самай шаншығанда қалай емделетінін ортаға салып, кімнің үйінде борсықтың майы бар екені де жария болады. Осы кезде тарамыс әжей жігіт болған немересінің жөтелі басылмай, түнімен күркілдеп шыққанын уайым етіп, оған қалғаны жарыса ем-домын айтады.

– Суық жабысқан ғой бір жерден, жастар терлеп отырып желге шығып, қаладелніктен мұздай су ішеді емес пе?.. Жел-құздан арылуға қара қойдың терісі мың да бір ем.

– Кеше қызыл мияның тамырын қайнатып бердім, көршім: «Тауықтың өті өкпеге ем», – дейді.

– Тауықтан бұрын, сасық құрайдың тамырын қойдың сорпасына салып ішкізсейші, жөтелі сап басылмаса, маған кел. Тұсақ қойдың сүті де – ем. Күшала бар ма еді үйінде, болмаса, менен аларсың, сүтке ашытып ішкізсе, керім болады.

Екі сағат шай ішіп, бір кезде малжан естеріне түскен кемпірлер бірінен соң бірі түрегеледі. Кетерде екі үй әрі тұратын ақкөңіл әжей майдың суын қосқан бидай көжеден ашытқы сұрап алып бара жатады.

Ауладағы орындыққа тізе бүкті. Әжесі баяғыда осы жерге киіз төсеп, арқасын шуаққа сипатып қойып, ұршық иіріп отыратын. Арасында күбірлеп қояды. Балалықпен әуес қылып, осы кісі не айтады екен деп құлақ түргенде тіссіз кемиектен: «Шебер құдай, бергеніңе шүкір», – дегенді естиді. Отырса да – шүкір, тұрса да – шүкір. Шайға келген кемпірлердің естелігін қанша тыңдаса да олар кешкен тірліктің балдәурен қызығы мен қызылды-жасылды шағы қандай болғанын елестете алмайды, бірақ бейнеті көп болғаны анық. Суықтау, тұйықтау әжесі онысын айта бермесе де, баяғы күндер бұл кісінің де тағдырын қақпақыл еткенге ұқсайды. Енді, ұл-қызы жетілді, заман тыныш, алдында наны бар, әжесінің ескі ай күн өткен сайын жұқарып, дөп-дөңгелек болып жаңасы туған сайын: «Құдай шебер», – деп бетін сипайтыны содан.

Көңілінің кірін айтып отырмайтын, көзінің жасын да көрсетпейтін қатал адам матаның қалдығын жинап құрақ көрпе тігетін, жыртылған нәрсені жамап қоюға асығып, үнемшілдігі сондай, сабынның қалдығын да бұлар сияқты лақтырып тастамайтын. «Алқындыны тастамаңдар, бәңкіге су құйып салып қойсаң, езіліп, керім болып тұрады! Жүн жууға таптырмайды», – дейтін ол ақ қойдың жүнін бір бөлек алып, күншуақта асықпай жуып отырар еді. Кейде бұлар нан қиқымын тастаған адаммен араз болып: «Қатқан нанды сорпаға салып же», – деп бала-шағаға жағалай үлестіріп беретін, бұлар жемей қойса өкпелеп, шайына салып жібітіп жейтін кемпірге ысырапшылдықты сөгіп тастайтын қаталдығы үшін ауыздарын томпайтып жүретін. Кейін ғой… Ақ патша тақтан ауған тұста дүниеге келіп, ақтар ауылдарды шауып, қызылдар ақтарды қуып жүрген кезде ес жиып, бала шағында аштықты көрген, буыны бекімей жатып колхозда масақ терген, жас кезінде майдан үшін деп бел жазбаған, соғыстан кейінгі жүдеу жылдарда бала-шағасы аш қалмасын деп тыным көрмеген қарияның әр затты мұқият ұстап, әр нәрсенің қадірін білетінін түсінгені… «Ой, дүние-ай!» – деді Сая ішінен тап әжесінің өзі құсап. Енді әжесі де, оның құрбылары да жоқ, қара сандық та бір бұрышта қалды…

Жадыра ШАМҰРАТОВА
qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

ШКОЛЬНЫЕ СТОЛОВЫЕ ПОДВЕРГЛИСЬ НЕЗАКОННЫМ ПРОВЕРКАМ

В Палату предпринимателей города Алматы обратилось Ассоциация предприятий школьного питания с просьбой защитить права арендаторов столовых учебных заведений. Вопрос касался проверок, которые в нарушение закона в школьных столовых проводят отдельные члены Межведомственной экспертной группы (далее – МЭГ) по контролю за качеством питания, утвержденной Управлением образования акимата города Алматы, - передает пресс-служба РПП города Алматы.

Проблему рассмотрели на недавно прошедшем Совете по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции г.Алматы.

Как следует из обращения, некоторые члены МЭГ в рамках работы данной группы производят проверки школьных столовых, которые Ассоциация считает незаконными.

Согласно п.109 Правил организации питания обучающихся в государственных организациях среднего образования, внешкольных организациях дополнительного образования, а также приобретения товаров, связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в государственных дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, организациях технического и профессионального, послесреднего образования, утвержденных Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 598 (далее - Правила), в организации среднего образования создается комиссия по мониторингу качества питания с участием представителей попечительского совета, родительского комитета, администрации школы, медицинского работника медицинского пункта организации образования. Председателем комиссии является руководитель организации среднего образования.

«В соответствии с п. 110 Правил, в задачи комиссии входит осуществление мониторинга качества поступающих продуктов питания, наличия сертификатов СТ-KZ на продукты питания отечественных товаропроизводителей, качества приготовленных блюд, наличия и исправности технологического оборудования, соблюдения сроков и условий хранения, доставки продуктов, готовых блюд, соответствия фактического рациона питания детей ежедневному, перспективному меню, санитарного состояния столовой», – говорит Салтанат Лесбаева, вице-президент Ассоциации.

На основании пункта 112 Правил, межведомственные экспертные группы по контролю за качеством питания, действующие при органах управления образованием, ведут систематический мониторинг деятельности комиссий по мониторингу

за качеством питания и принимают меры по эффективной организации питания школьников.

«Фактически же, МЭГ осуществляется мониторинг деятельности объектов предпринимательства – в школьных столовых. Запрашиваются договоры, сертификаты на продукты питания, санитарные книжки работников. Более того, отдельные члены МЭГ заходят в пищеблок, не имея санитарной книжки с отметкой о допуске», – сказала Салтанат Лесбаева.

Как известно, Указом Президента Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 229 «О введении моратория на проведение проверок и профилактического контроля и надзора с посещением в Республике Казахстан», проверки прекращены с 1 января 2020 года.

«Считаем, что вышеуказанные противоправные действия отдельных лиц напрямую связаны с воспрепятствованием ведению законной предпринимательской деятельности. Подобные деяния недопустимы, в каком бы виде они не выражались и влекут за собой законом установленную ответственность. Прикрываясь благими намерениями и заботой о детях, отдельные члены МЭГ по факту просто «кошмарят» бизнес. Безусловно, контроль за качеством школьного питания должен быть, но не нарушая прав и законных интересов субъектов бизнеса», – подчеркнул председатель Совета Юрий Тлеумуратов.

По словам Салтанат Лесбаевой, до 1 января 2023 года проверки и профилактический контроль и надзор с посещением субъектов малого предпринимательства, в том числе субъектов микропредпринимательства, прекращены. В случае установления нарушений, несущих потенциальную массовую

угрозу жизни и здоровью, территориальными органами санитарно-эпидемиологического благополучия населения такие случаи регистрируются и проводятся внеплановые проверки. При этом, не известно ни об одном таком случае с начала нового учебного года.

В состав МЭГ включены руководители и сотрудники районных отделов образования, родительская общественность, а также представители колледжа сервисного обслуживания и колледжа индустрии и гостеприимства. За исключением представителей колледжей, остальные члены МЭГ не являются специалистами в области общественного питания, а тем более, специфичного школьного питания. Вместе с тем, представители колледжей не всегда присутствуют при мониторинге школьных столовых, в силу своей занятости по месту работы.

По словам спикера, отдельные представители родительской общественности посещают школьные столовые и составляют акты единолично, без остальных членов МЭГ, что нарушает Положение о МЭГ, а также не соответствует рекомендациям профильного Министерства. Более того, некоторые члены МЭГ рвутся попасть на пищеблок, не имея для этого ни специальных знаний, ни соответствующего образования, а также медицинских книжек. Зачастую, не снимая верхнюю одежду и не накинув халат, позволяют себе спокойно перемещаться по столовой, контролировать уровень пищевых отходов, для чего заходят в пищеблок.

Ассоциацией направлено обращение в адрес Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан по г. Алматы для принятия мер прокурорского реагирования, откуда обращение перенаправлено в прокуратуру города, а оттуда в Управление образования. Управление, со своей стороны, не приняло никаких действий, направленных на прекращение неправомерной деятельности МЭГ. Незаконные проверки столовых продолжаются, по результатам составляются акты.

Прокуратура города, в лице начальника управления, поддержала недопустимость нарушения прав предпринимателей и неукоснительность соблюдения законодательства.

«Палата предпринимателей города Алматы направит в Управление образования предложения по упорядочению деятельности Межведомственной экспертной группы и соблюдению ее членами законодательства в части прав предпринимателей, и обеспечит дальнейший контроль решения этих проблем», – резюмировал Юрий Тлеумуратов решение Совета.

НАШ КОРР.

МЕДИАЦИЯ

ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ ВЗАИМОВЫГОДНОГО РЕШЕНИЯ

В обновленном гражданском судопроизводстве в нашей республике институт примирения можно рассматривать как единство двух элементов – права, регулирующего процессуальные действия суда по примирению. В частности, наряду с разъяснением преимуществ примирительных процедур, к которым можно отнести сохранение между сторонами взаимоотношений, отсутствие дальнейших споров и конфликтов, а также связанных с этим нервных и материальных затрат, потерь личного времени, проблем с исполнением судебного решения и т. д. Надо сказать, что у нас в этом направлении с 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация, которая является – примирительной процедурой урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры.

Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. В процедуре медиации обязательным условием участия является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации. На любой ее стадии стороны медиации вправе отказаться от медиации. Также, в ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами. Вместе с тем, во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности. Участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию. Разглашение участником медиации сведений, ставших ему известными в ходе медиации, без разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию, влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

Марлен КИРГАБАКОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

МОШЕННИЧЕСТВО

ПРОСЯТ СНЯТЬ ДЕНЬГИ

БЛАГОДАРЯ ХИТРОЙ СХЕМЕ СЛУЧАЙНЫЙ ПРОХОЖИЙ МОЖЕТ СТАТЬ СОУЧАСТНИКОМ ПРЕСТУПЛЕНИЯ. ПОЛИЦИЯ МЕГАПОЛИСА ПРЕДУПРЕДИЛА АЛМАТИНЦЕВ ОБ УЛИЧНЫХ МОШЕННИКАХ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА POLISIA.KZ.

Как отмечают в управлении дознания ДП Алматы, злоумышленники пользуются доверчивостью и отзывчивостью горожан.

«Схема следующая: молодой человек подходит к потенциальной жертве и сообщает о беде, приключившейся с ним. Незнакомец просит у прохожего разрешения воспользоваться его карточным счетом, куда, якобы, его родители должны отправить ему деньги. На самом деле отправитель перевода — соучастник преступления, который с украденного только что чужого сотового на счет отзывчивого человека переводит денежные средства. Ничего не подозревая, жертва обмана обналичивает деньги, передает незнакомцу и, сам того не желая, становится участником хищения чужого имущества», — рассказал начальник управления дознания ДП Алматы Олжас Шарипов.

Полицейские Алматы просят не доверяйте незнакомым людям, какую бы историю они не рассказали. А также не рекомендуют допускать посторонних к манипуляциям с личным карточным счетом и передавать свои персональные данные третьим лицам.

Бейсенбі - Четверг, 17 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.25 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Жүрегімнің жауһары»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 «Тіршілік»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 «Жүрегімнің жауһары»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Одна книга»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 «Референт»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 «С меня хватит»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.00 «Бақыт құшағында»
17.40 «Кішкентай келін»
18.55 «Любимая учительница»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
03.20 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.25 Сериал «Триггер»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-14»
01.00 «Ментовские войны-3»
01.50 «Триггер»
02.40 Сериал «Убойная сила»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықлар
07.50 «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости
09.50, 00.00 Х/ф «Пулт»
11.50 «Бедная Саша»
14.00, 01.35 «Верни мою любовь»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Бедная Саша»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00 31 әзіл
10.00, 10.30 Мультсериал
11.30 «Невиновный»
13.00 «Лорд дракона»
15.30 «Молодой матер»
18.00 Х/ф «Анаконда»
20.00 Информбюро
21.00 «Война богов: бессмертные»
23.20 Т/х «Зейнеп»
00.20 «Анупама»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Солнечный ноябрь»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Бұл өмірде»
15.40 «Өсекшілер-2»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 18 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.15 Әнұран
06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Жүрегімнің жауһары»
14.10 «Бірегей»
15.15 Жаңа Қазақстан
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.30 «Ашық алаң»
22.30Телехикая «Бауырлар»
23.20«Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»
00.35 «Сана»
01.35 «Бірегей»
02.25 Өмір көркем

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«Өнеге»
10.30 «Бір кітап»
10.35 М/с «Артур и дети круглог стола»
11.00, 22.00 «Гүлдер жыламайды»
12.00, 20.00 «Мелек»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «С меня хватить»
18.00 «Новости»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Мегахит «Тихое место»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Машаи медведь»
09.10, 21.00 Т/х «Дастан»
10.10, 21.55 «Жетім жүрек -2»
12.00, 23.50 Т/х «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40 Президент пәрмені
14.50, 02.15 Сериал «Окно жизни»
17.10 Бақыт құшағында
17.40 «Кішкентай келін»
18.55, 01.10 Сериал «Любимая учительница»
20.00 «Астана таймс»
03.10 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 Сериал «Надо просто любить и верить»
13.10 Сериал «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
22.00 «Преданный»
00.30 «Фантастика»
03.00 Новости
03.10 Жаңалықтар
03.15 «Көреміз»
04.00 «Басты жаңқлықтар»
04.25 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Жат туыстар»
08.20 «Зәкира»
09.10 Вечерние новости
09.50 «Плут»
11.50 «Бедная Саша»
14.00 «Верни мою любовь»
16.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 «КТК-web»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Танцы на песке»
01.25 «Верни мою любовь»
03.05 «Дау-дамайсыз»
03.30 «КТК-web»
03.50, 04.20 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» (Қонаев)
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Инфонмбюро
07.00 «Тансәрі»
09.00, 01.40 «31 әзіл»
10.00 «Маша и медведь»
11.20 Сериал «Невиновный»
12.50 Х/ф «Молодой матер»
15.20 Х/ф «Война богов: бессмертные»
17.50 Х/ф «Пиксели»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Каратэ-пацан»
00.00 Т/х «Зейнеп»
01.00 «Анупама»
02.20 Паутина
03.10 «1001 әзіл»
03.30 «Әзіл студио»
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10, 13.00 Т\х «Тақиясыз періште»
07.15, 01.00 Т/Х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Сериал «Женский доктор»
10.10, 19.30 Сериал «Триггер»
12.30 «Келесі кім?»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 21.40 Т/х «Бұл өмірде»
15.40, 22.20 Т/х «Өсекшілер-2»
16.10, 00.00 Сериал «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия-7»
03.00 Жайдарман
04.00 Т/Х «Япырай»

Сенбі - Суббота, 19 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.40 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 «Күміс көмей»
07.15, 02.55 «Зинһар»
08.00, 15.30 «Көңіл толқыны»
09.25 «Әйел әлемі»
10.00,18.00 Т\х «Жүректегі күз»
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 М/ф «Ойыншықтар хикаясы-4»
16.20 Д/ф «Трансплантология»
16.45 «Нартәуекел»
20.00, 01.10 «Ақпарат»
20.30 «Ай-хай 25» концерт
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.30 К/ф «Әйгерім»
01.40 Д/ф «Жер бетіндегі киелі мекендер»
02.30 «Трансплантология»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «Мен жайлы...»
08.00 Мегахит «Тихое место»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Мейрамбек Бесбаевпен «Covershow»
11.10 «Заезжай и живи»
12.00 «Дарын»
13.00 М/ф «Махнем на Луну!»
14.30 М/с «Невероятные приключения Нильса»
15.00 «Шах сарайының құпиялары»
16.30 «Алаш ақтандақтары»
17.30 Айтыс «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Мегахит «Кловер-Филд 10»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.10, 21.00 Т/х «Дастан»
10.10 Жетім жүрек-2
12.00, 19.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Шымкет шоу»
15.00 «Логово»
17.45, 02.00 «Көру керек!»
20.00 «Сапар таймс» апталық-сараптамалық бағдарлама
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
23.45 Х/ф «Почти мачо»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «П@утина»
08.30 «Проуют»
09.35 Х/ф «Зимний роман»
11.30 Х/ф «Преданный»
14.00 «Не хочу тебя терять»
18.30 «Айна»
19.00 «Х фактор»
20.00 Сериал «Ломаные линии»
00.30 «Ночной дозор»
02.30 «П@утина»
04.00 «Той БАЗАР»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Т/х«Үлкен үй-3»
07.40 «Озат отбасы»
08.30 «КТК web»
09.00 «Вечерние новости» (повтор)
09.40 «Юморина», шоу-программа
11.30 «Танцы на песке» остросюжетный детектив
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
16.40 «Я люблю своего мужа»
21.00 «Любовь с риском для жизни» мелодрама
00.50 «Юморина»
03.00 «Аталар сөзі»
03.45, 04.30 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «AgroLife»
12.00 М/ф «Джеки Чан»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін»
15.00 «Шерткіш пен тышқан патшасы» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Жаңа Қазақстан»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 «Әзіл студио»
06.10 Х/ф «Бобби»
09.20 «Көмектесейік»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
11.50 Х/ф «Мишки Буни: Тайна цирка»
14.00 Х/ф «5 причин не влюбиться в казаха»
16.00 Х/ф «Храбрая сердцем»
18.00 Кино «Малефисента»
20.00 Кино «Хоббит: нежданное путешествие»
23.40 «Bizdin show»
01.20 «What's up?»
02.00 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 02.00 «Жайдарман»
08.30 «Құтты қонақ»
09.00 «Гадалка»
09.40 «Регина+1»
10.30 «Орел и решка»
11.30 «Смеятся разрешается»
13.30 «Бұл өмірде»
14.30 «Табиғатым махаббатым» концерт
16.30 Сериал «Земное притяжение»
21.00 Шоу «Битва поколений!»
22.40 Х/ф «Облачный атлас»
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 20 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 «Күй-керуен»
07.00, 08.00, 09.00, 10.00, 11.00, 12.00, 13.00, 14.00, 15.00, 16.00, 17.00, 18.00, 19.00, 20.00, 21.00, 22.00, 23.00, 00.00, 01.00 «Ақпарат»
07.10 «Көңіл толқыны»
08.10 «Ақсауыт»
08.30, 02.30 «Ауылдастар»
09.10, 12.20, 13.20, 17.15, 20.30, 23.20 «Сайлау-2022»
10.15, 11.10 «Сағындырған әндерай!»
14.10, 15.10, 16.15 Т/х «Дина. Күй құдірет»
18.20 «Димаш. Ұмытылмас күн»
19.10 Димаш Құдайберген
21.30 «Футбол»
22.30 Деректі фильм
00.20 «Боксер»
01.30 «Боксер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 «Махаббат қаласы»
08.00 Мегахит «Кловер филд 10»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 М/ф «На край чвета. В поисках единорога»
14.30 М\с «Артур и дети круглого света»
15.00 Т/х «Шах сарайының құпиялары»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит «Паранойя»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.10, 21.00 Т/х «Дастан»
10.10 «Жетім жүрек-2»
12.00 «Жұлдызбысың»
14.00 Жұлдыздар айтысады
17.00 «Келинка тоже человек»
19.00 «Почти мачо»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.45 Х/ф «Логово»
02.00 Көру керек!

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.45 «Паутина»
08.50 «Воскресные беседы»
09.00 «Поехали»
10.05 «Повара на колесах»
11.10 «Ломаные линии»
15.45 «Х-фактор»
16.45 «Кардиограмма любви»
18.55 «Добрый вечер.Казахстан!»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Нарущение правил»
01.30 «КВН-2022»
03.15 «Той базар»
04.45 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ән мен әнші»
08.00 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
10.40 «Любовь с риском для жизни»
12.00 Жаңалықтар
12.20 «Любовь с риском для жизни»
13.00 Новости
13.20 «Любовь с риском для жизни»
15.30 «Ұлы дала комедиясы»
16.00 Жаңалықтар
16.20 «Ұлы дала комедиясы»
17.00 Новости
17.20 «Ұлы дала комедиясы»
18.20 «Оригинал» концерт
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Оригинал» концерт
21.00 Вечерние новости
22.00 «Под прицелом любви»
00.10 Жаңалықтар
00.25 «Под прицелом любви»
00.50 «Юморина»
02.00 Т/х «Аталар сөзі»
03.05 «Озат отбасы»
04.00, 04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Әсем әуен»
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Қайырымды ханшайым» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Мамандық маңызы»
18.00 «Жаңа Қазақстан»
18.30 «Олжа»
19.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Көктемім, менің көктемім» концерті
23.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 « Әзіл студио»
07.00, 11.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.05 Информбюро
07.10, 00.15 «Тамаша лайф»
08.00, 23.40, 02.30, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Маша и медведь»
10.20, 11.10 «5 причин не влюбиться в казаха»
12.40, 14.10 Х/ф «Храбрая сердцем»
14.50 «Малефисента»
17.10 «Каратэ пацан»
21.00 Х/ф «Томв Райдер: Лара Крофт»
01.30, 05.30 «What's up?»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10 «Табиғатым махаббатым» концерт
08.40 «Құтты қонақ»
09.10 «Смеяться разрешается»
11.30 Шоу «Битва поколений»
13.10 Т/х «Бастық боламын»
14.20, 00.10 Өнер қырандары
16.00 «Облачный атлас»
20.00 Сериал «Хрустальная ловушкка»
02.00 Жайдарман
03.00 «Япыр ай»
04.00 «Тамаша»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БЖЗҚ сайтындағы «Заңды тұлға кабинеті» сервисінде жаңа қызметтер іске қосылды

БЖЗҚ сайтының «Жеке кабинет» - https://jurcabinet.enpf.kz/auth «Заңды тұлға кабинеті» бөліміне зейнетақы қызметтерін көрсетуді жақсарту мақсатында **жаңа қызметтер енгізілді**.

Естеріңізге сала кетейік, сервисті пайдаланушылар-дың мақсатты аудиториясы-салық агенттері болып табылатын, міндеттеріне қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аудару кіретін жұмыс берушілер. Сервис жұмыс берушілерге БЖЗҚ-ға жарналардың барлық түр-лерін: міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын қалыптастыруға, өңдеуге және басып шығаруға мүмкіндік береді.

«Заңды тұлға кабинеті» сервисінде БЖЗҚ-ға өңдеу (қызметкерлерді жою және қосу) мүмкіндігі бар төлемдерді жіберу қажет қызметкерлердің тізімін көруге болады. Бұдан басқа, сервисте төлемдер тарихында бұрын қалыптастырылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді қарауға болады.

Жаңа қызметтер енгізе отырып, сервис жұмыс берушілерге мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Енді сіз өз парақшаңызды компанияңыздың бейіні бойынша ақпаратпен толықтыра аласыз. Мысалы, ұйымның мекенжайын, байланыс деректерін (телефон нөмірін) және электрондық пошта мекенжайын қоса аласыз, Е-отініш порталына өтініш бере аласыз және кері байланыс ала аласыз, сондай-ақ кез келген кезеңде жасалған іс-әрекеттер және енгізілген өзгерістер туралы есепті көре аласыз.

Сондай-ақ, сервисті пайдаланушыларда «Заңды тұлға кабинеті» бетінен тікелей сілтеме бойынша ақпараттық-анықтамалық базаларға (реттеуші нормативтік-құқықтық актілерге, жадынамалар мен нұсқаулықтарға, өтініш бланкілеріне сілтемелер) өту мүмкіндігі пайда болды, яғни қажетті ақпаратты іздеу үшін кабинеттен кетудің қажеті жоқ.

Ең маңызды қосымша! Енді Заңды тұлға кабинетін ЭЦҚ болған жағдайда жеке кәсіпкер мәртебесі бар жеке тұлғалар да пайдалана алады. Бұрын қол қою құқығы бар бірінші басшыға ғана немесе заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орта-лығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда қаржылық құжаттарға қол қою құқығы берілген адамға ғана заңды тұлғаның кабинетіне қолжетімділік берілген болатын.

БЖЗҚ-ның 5 сұрақ айдары өзекті сұрақтарға жауап береді

1) Сәлеметсіз бе! Мен үш жыл бұрын зейнетақы жинағымды сақтандыру ұйымына аудардым. Айтыңызшы, мен бұл ақшаның бір бөлігін қайтара аламын ба?

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілерге бірқатар өзгерістер енгізілді. Оның ішінде 2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 60-бабына да өзгерістер енгізілді.

Заңның 60-бабының 14-тармағында зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан тұлғалар ол жасалған күннен бастап екі жылдан асқан кезде сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және ақшаны БЖЗҚ-ға қайтару бойынша Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы екендігі белгіленді. БЖЗҚ-ға қайтарылуға жататын ақша сомасы оған өзгерістер енгізілген күнгі зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасы мен зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күнгі Заңның 59-бабының 2-тармағында айқындалған төлем мөлшерін негізге ала отырып есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы арасындағы айырмаға тең.

Басқаша айтқанда, сақтандыру ұйымында зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күні қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес айлық сақтандыру төлемінің мөлшерін өмір бойы қамтамасыз ететін сома қалуға тиіс.

Осы тармақтың күші Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылатынын атап өтеміз.

БЖЗҚ-ға ақшаны қайтаруды жүзеге асыру үшін салым-шы (алушы) салымшымен (алушымен) зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және БЖЗҚ-ға ақшаны қайтару бөлігінде Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуі тиіс.

2) Қайырлы күн! БЖЗҚ қызметтерін жеке куәліксіз, оның сандық көшірмесімен ала аламын ба?

Иә, бүгінде жеке зейнетақы қызметтерін жеке куәлікті көрсетпей-ақ алуға болады. Ол үшін смартфондағы egovmobile қосымшасында оның сандық (электрондық) нұсқасы болуы жеткілікті.

Мұндай мүмкіндікке тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана және тек БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі жүгінген кезде ие болады.

3) Қайырлы күн! Менің жұбайым Түркия азаматы, бірақ Қазақстанда ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Оның БЖЗҚ-да жинақтары бар. Айтыңызшы, ол өзінің жеткіліктілік шегінен асатын ақшасын тіс емдеуге пайдалана ала ма?

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде зейнетақымен қамсыздандыру құқығын пайдаланады.

ҚР «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңының 1-бабының 14) тармақшасына сәйкес шетелдіктің Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты (ШТЫ) болып табылады.

Демек, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұру дерегін шетелдіктің тұруға ықтиярхатының бар екендігімен растайтын шетелдіктердің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін (олар болған кезде) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында, сондай-ақ, заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес болған кезде инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін пайдалануға құқығы бар.

Осылайша, Заңның 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдеріне, оның ішінде өзіне немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-да зей-нетақы жинақтары бар адамдардың төменде көрсетілген талаптардың бірі болған кезде құқығы көзделген, олар:

Егер салымшының жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) бар МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегінен асып кетсе;

Егер зейнетақы мөлшері, ал отставкадағы судьялар үшін ай сайынғы қамту сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін алушының орташа айлық табысының 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе;

Егер салымшы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаса.

ЭКОЛОГИЯ

ОРМАН – ОРТАҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде аумаққа тез таралады. Ыстық ауа райында, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез келген абайсыз жанған оттың әсерінен тез таралып кетуі мүмкін.

Ең қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы ит бүлдіргендер, аршалар жатады.Құрғақ құмды жерлерде өрт тез таралады, бірақ өшіру оңайырақ. Ал қылқан жапырақты орман өсімдіктерімен қураған шөп жыныс бұталар қауіптірек. Өрттің шығуына бірден бір себеп адамдардың демалыс орындарында, орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін сақтамауы.

Орман біздің байлығымыз, экономикалық, экологиялық маңызы бар кешен екенін адамзат санасына алып жүрсе, нұр үстіне нұр болатын еді. Табиғат ананың байлығын келесі ұрпаққа сақтау өз қолымызда.

Айдын ИСПАНОВ,
Жоңғар орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 15-шы айналым орман күтушісі.

ШАРА

Қазақтың хан тағына соңғы болып отырған арғы атасы Шыңғысханнан ұласатын төре тұқымы, Абылай ханның немересі, Қасым ханның екінші әйелі Бибіден туған бес ұлдың алды Кенесары болғаны баршаға мәлім. Биыл ұлы қолбасшы, баһадүр хан, Алаштың айбынды ұлы хан Кененің туғанына 220 жыл толып отыр.

КЕНЕСАРЫ БЕЙНЕСІ ҰРПАҚ САНАСЫНАН ӨШПЕЙДІ

Осыған орай қалалық орталық балалар кітапханасында «Кенесары бейнесі ұрпақ санасынан өшпейді» тақырыбында тарихи круиз(круиз-саяхат) өтті.

Шараға қатысқан Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының 7«А» сынып оқушыларына Кенесары Қасымұлының өмір деректері, ақ киізге көтерілуі, хандықтың құлдырап, хан Кененің өкінішті өлімге ұшырауы жайлы баяндады. Сонымен қатар Кенесары Қасымұлы қолбасшылық еткен 1837-1847 жылдар аралығындағы ұлы күрес жайлы да айтылды. Шара соңында Нысанбай ақынның «Кенесары– Наурызбай» дастанынан үзінді оқылды. Кітапхана қабырғасында өткен бұл шара оқушылардың ерік-жігерін шыңдап, патриоттық сезімдерін арттырды деп есептеймін.

Шараны өткізудегі мақсат тарихи тұлғаның өмірін оқырмандарға үлгі ете отырып оларды ұлтжандылыққа, бабалары армандап, сол жолда мерт болған тәуелсіз Отанның патриоты болуға тәрбиелеу.Сондай-ақ олардың кеуделерінде мақтаныш сезімін оятып, туған тарихына деген қызығушылықтарын арттыру.

С.ЫНТЫМАҚ,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі.

МАМАН МІНБЕРІ

СОТ КАБИНЕТІНІҢ КӨМЕГІ ЗОР

Қазақсан Республикасының Жоғарғы Сотының алға қойған міндеттерін іске асыру мақсатында «Сот актілерінің банкі», «Электрондық соттың шақыру қағазы», «Сот істері жөніндегі анықтамалық», «Сот кабинеті» сияқты бірқатар электрондық ақпараттық сервистер іске қосылған.

Аталған сервистердің мақсаты сот ісін жүргізу рәсімдерін оңайлату, халықтың сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейту және халық үшін қолайлы жағдайлар жасау. Соладың бірі осы Сот кабинеті ақпараттық қызметі. Ол халық үшін де, сот жүйесі үшін де көптеген қызметтерді ұсынады.

Сот кабинеті ҚР соттарының электрондық түрдегі сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі. Жоба электрондық кілттерді пайдалана отырып, азаматтардың электрондық сот ісін жүргізуге қатысуына бағытталған.

Бұл сервис арқылы жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері сервиске орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы сотқа құжаттарды (өтініштерді) электронды түрде ұсынуға, сондай-ақ, мемлекеттік баждың онлайн төлемін жүргізуге құқылы. Азамат, оның өкілі немесе қорғаушы өзіне ыңғайлы, кез келген уақытта үйден немесе кеңседен шықпай-ақ, сот құжаттарымен танысуға, қызықтыратын іс бойынша бүкіл тарихты қарауға және сот актілерін басып шығаруға мүмкіндігі бар. Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатады, бюрократиялық кедергілерді алып тастайды, қызметкерлердің азаматтармен байланысын барынша азайтады, уақыты мен қаражатын үнемдейді. Сот жүйесінің ел халқы үшін барынша ашықтығы мен қолжетімділігіне жағдай жасайды.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, сондай-ақ, қоғамның осыған байланысты сұраныстарының өсуі оларды сот жүйесінің қызметінде пайдалануды үнемі жетілдіру қажеттілігін талап етеді. Мысалы, Жоғарғы сот Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, әкімшілік полиция комитеті мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде соттар арасында электрондық өзара іс-қимыл енгізуді көздейтін «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі арқылы әкімшілік істерді жөнелту» жобасын іске асырған. Сондай-ақ қолда бар ақпараттық технологияларды жетілдіру мақсатында респуб лика соттарында «Сот кабинет» ақпараттық сервисі шеңберінде жол-көлік оқиғалары салдарынан сақтандыру төлемін жүзеге асыру мақсатында судьялардың, сақтандыру компаниялары мен олардың филиалдарының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған азаматтық істерді электрондық түрде ұсынуды көздейтін жоба енгізілді.

Республиканың сот жүйесіне қазіргі заманғы электрондық технологияларды енгізу халықтың сот төрелігіне қол жеткізу деңгейін едәуір арттыруға, құқықтық қоғамдастықтың барлық мүшелеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына соттардың қызметі туралы ақпаратты тез арада алуға жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Мөлдір ДАУРЕМБАЕВА,
Көксу аудандық сотының жетекші маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨМІР-ӨЗЕН

ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ

Бір данышпан «табын-табын малыңмен емес, ақ адал адаммен мақтан» дегендей, мен қазіргі заманның тілімен айтқанда қос-қостан көлік, зәулім сарай үйімен емес, 10 жылдан астам қимастай болған құдам Қалиденнің қолындағы «жұмақтың кілтімен» мақтанып, сыр шерткім келеді.

Орта бойлы, көзі ойлы, үстіне киген киімі жарасып тұратын бидай өңді, сыпайы азаматтан адамдықтың лебі есіп тұрады. Шілденің жұмсақ самалындай мінезі айналасындағы көпшілікті баурап алады. Олардың тек жақсы жағын көретін жүрек жылуы мен болмысындағы сезімталдық мейірімділікпен астасып, жан сұлулығын көбірек айқындайтын осы адамға «іші алтын, сырты күміс» сөз асылын үйіп-төккің келеді. Оның бірден-бір себебі – алдағы үлкен, арттағы кіші буынға көрініп, сайрап жатқан ізі, ауыз толтырып айтар ісі мен сөзі бір жерден шығып, ісін өндірсем деп оның жүйесін тапқандығы емес, рухани байлығы. Ел ішінде бұндай адамды ажарына көркі сай, ақылына мінезі сай, иманжүзді адам екен дейді. Мақтағаным ба, мақтанғаным ба… «Перзент, бауыр, дос, күйеу, әке, ата, құда, ел азаматы» дегеннің қай шеңберіне салсаң да өлшемі биік жан. Өйткені, оның әрқайсысы ғибрат алар жеке-жеке тамаша әңгімелердің арқауы болып, салмақты дүние жазу қаламыңа сұранып тұрары сөзсіз. Ендеше, жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытқанға не жетсін! Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ екені жай айтылмаған ғой.

Қарапайым ауылдың шаңырағында дүниеге келген Қалиден, меніңше Кәкен құда, сізше «Айдони» сауда өндірістік компаниясының президенті Кәкен Тоқтаров жайлы бір үзік ой.

Жақсыға жас кезінен үйір болу керек. Бұл мақаланың оқырманы – жастар, жігіттер, бойжеткендер. Келісті келбетіне сыры мен сымбаты жарасқан, рухы от, намысы шоқ азаматтар кешегі бозбала «Болар бала он бесінде баспын» дегендердің қатарынан-ау шамасы.

Мінезі қатал, қиқар-қырсықтығы бір басына жетіп артылатын, ел ішінде «жынды Кәлім» атанған әкенің көңілінен шыққанын әскер қатарына алынып, ауылдан шығарып салар кезде ғана сезінген жас жігіт не ойларын білмеген еді. Өзінен үлкен төрт ағасына жасалмаған құрметке ие болғанда, 13-14 жасында-ақ арқа еті – арша, борбай еті – борша болса да қиындығынан қорықпай, белді бекем буып, үлкендердей тындырып тастаған істеріне үндемей, мақұлдаған ишара білдіретін әкенің ерекше сыйы қойын сойып, баласының достарына үлкен «бешір» жасағаны еді.

Мінезі қиын жарының бабын таба жүріп, 9 перзентті дүниеге әкеліп, алысжақынға қамқор болған анасының 8-ші баласы, 6 ұлдың бесіншісі, кенжесінен екі-ақ жас үлкен Кәкеннің бала жүрегі лүпілдеп «анашым бір шелек су көтеріп қоймаса екен» деп тұратын бозбала бәрін де артқа тастап, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып кеткен еді.

Зуылдап өтіп жатқан уақыттың дөңгелегін тоқтату құдіреті ешбір пенденің пешенесіне жазылмаған. Адамға тек уақыттың керуеніне ілесіп өмір сүруді ғана бұйыртқан екен. Өмірді қалай, қайтіп сүру – тек қана әр пенденің өзінің еншісіндегі дүние. Кәкен құдамның сол еншісінен қарапайым ананың әлемін ойып алдым. Өйткені менің алдымда ең бірінші анаға деген құрметтің құдіретімен жұмақтың кілтін қолына мықтап ұстаған сөзімен сүйкімді, ісімен ірі, бақыттың білектей бұрымын сипаған ер азамат тұрады.

Иә, «Жұмақтың кілті – ананың табанының асты» деп бекер айтылмағанын қасиетті құран да мақұлдап, «бірінші – ана, екінші – ана, үшінші – ана, сонан соң әкеңе құрмет қыл» деген ғой.

Анасын ойлағанда уақыт тоқтап қалғандай болған әскердегі жас жігіттің күдігі бекер болмады. Ауылға оралысымен анасының дертіне шипа іздеп, тынымсыз күнін, ұйқысыз түнін өткізді. Сол кездері шексіз күш-жігерді қайдан алатынына қайран қалуға болатынын өзі де сезбеген болар. Үй мен түздің тізгінін қатар ұстап, ешкімге алақан жаймай, ешкімнің ала жібін аттамай, жан-жағына мейірім шуағын шаша жүріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет етіп, әулеттің ұйытқысы болып, бәріне үлгеріп, қанша шаршаса да, шаршағанына шағымданбаған Кәкеннің сағынышты әңгімесі – ана.

Әркімге өз анасы өзіне қымбат десек те, Кәкен менің санамда күллі әлемді құшағына сыйғыза алатын шексіз махаббатты анасына арнаған алып жүректі азамат болып қалды. Анасы жайлы сөз қозғағанында аңғарғаным қонақжайлылығы, адам жатырқамайтын көпшілдігі, барын бөлісе алатын мейірімділігі мен кеңдігі ана сүтімен дарыса керек.

Әр қонаққа сыйластық танытып, жоғары деңгейде барынша дұрыстап күтуге ден қоятыны, тазалығы мен кірпияздығын ауыздан тастамай айта жүремін. Әрдайым үйдің іші мен сырты мұнтаздай таза, бәрі орын-орнында тұру – ол үшін қатып қалған қағида.

Азаматты елге қадірлі, досқа сыйлы етер өмірлік жұбайы, көзінің қарашығы сәбилерінің анасына Кәкен құданың ерекше құрмет жасауы, сонау бір кездері әкесінің бірде орындалып, бірде орындалмай жатқандай көрінетін міндетін атқаруы – бекзаттық.

Қазақта бекзат деген сөз бар. Қақсоқпен жұмысы жоқ, тура жүріп тура тұратын, іші де сырты да таза адамдарды айтады. Оларды кейде «кінәз» деп те атайды. Сол «кінәз» туған күн, мерекелерде голландиялық раушан гүлдерін құшағына толғанша көтеріп келіп бірінші жарына, ұрпағын өсірер келін мен өрісі болар қызына, мың жылдық құдағиларына шын жүректен сыйлап тұрып қалжыңмен «Қыздар, қай кезде де азаматтарың гүл сыйлайтын болсын» дегенде: «Рахмет аға!» деп айтқан құдашасы, менің қызым Жансаяның: «Ер жігіт ащы еңбекпен қолы гүлге жетіп, жүрек жылуымен сыйға тартады. Кәкен аға материалды және моральды жағынан да айтып тұр» деп құдамның өмірде бәрінен де бұрын еңбекті, аналар мен қыз баланы жоғары бағалайтынын сөз етті. Сол сәт менің ойыма күш-қайратын жігеріне жанып, анасының жүзінен жарық дүниенің сәулесін көру үшін көрмегені жоқ баласының көзі жоқтағы өмір тынысы:

«Даланың әр гүлін, жинадың сен маған,
Сен берген құстардың, қанатын самғаған» деген ән жолдарына сыйып кеткен сияқты болды. Құшағы толған гүлі – сол ананың жинаған гүлі, құс қанатының самғауы – биікті бағындырған қырандығы дермісің? Адал еңбегімен көтеріліп, биікке ұшты. Көктөбенің төріндегі мекені – тек биіктерді мекен еткен қыран құстың ұясы дермісің?

Жасында ата-ана, есейгенде бауыр, туыс, бала-шаға, ел-жұрт деп жанталасқан тұрмысына тынысы байлаулы жанның жарымен жарасуы – Есілден құлап аққан қос арнадай. «Келін қайын енесінің топырағынан» деген бар ғой. Ынтымағы жарасып, өмірдің арбасын бірге сүйреген Бақытжамалы жоғында жасымады, барында тасымады. Атағы жер жарған талай азаматтардың пайдасы бір басынан аспай жүргенді көргенде «Көмектесіп, жағдайын түзеп жіберсе несі кетеді, жоқ емес, бар ғой, бауыр емес пе, туыс емес пе?!» дегенінде жалпақ тілмен айтқанда алмай, бермей, ішпей, жемей-ақ өз-өзіңізден бір ризалық сезімге бөленесің.

Әулеттің үлкені Жүкен марқұм – менің бауыздау құдам. Інісі Кәкен ота жасатып, емдетіп аяқтан тік қойғанда жазым болып, оқыстан дүние салды. Мәңгілік сапарға аттандырғанда, жылдық асында Кәкен құда табан жылқыларын сойып, асын бергенде әрбір келген қонақтың күтімін қадағалап, қарайлаған да – Бақытжамал. Сол құдамның екі ұлына он бөлмелі үй салып кіргізгенде, қоныс тойын жасап, жақын-жуыққа дастарханын жайнатып, қуыс үйден құры шығармаған да жары – Бақытжамал. Алыс-жақынын жылы жүзімен, өзгеше бір тартымды үнімен өзіне баурап алатын-ды.

Талай жастардың тұрақтап үй ұстап, отбасы болып кетуіне мұрындық болып, барын бардай, жоғын тауып бастарына шаңырақ тұрғызып әуре болғанда ерімен бірге жүгірген де – Бақытжамал. Ол Кәкенге қарап: өзгелерге жақсылық жасау – әрбір адамның басты парызы деп есептеді. Артында өшпес із қалдыру міндет деп түсінді. Ал отбасын, отағасын тірегім деп есептеді.

Әр абысынының баласы – өзінің баласы. Бірінің көлігі, бірінің үйі, бірінің газ жылуын түгендегенде де Бақытжамалдың іштарлықты білмегені, «абысын ағарып алдыға шықпасын!» демегені де асыл азаматтың жұмақ кілті қисық қабырғасынан табылғаны емес пе?

Ерден ердің артығы бар, несі артық?
Топ жарып сөйлеген сөзі артық.
Аттан аттың артығы бар, несі артық?
Аршындай басқан адымы артық.
Әйелден әйелдің артығы бар, несі артық?
Үндемей тындырған ісі артық.

Топ жарып сөйлейтін Кәкендей ердің жаңа жігер, тың серпінмен атой салып тек алдыға аршындай қадам басқан тұлпар мінез азаматтың бастаған ісін аяқсыз қалдырмайтынын білетін Бақытжамал үндемей-ақ біткен істі өрістетіп, жұмыстың кең көлемде жүргізілуіне себепші де бола алды. Осындай сенері барда Кәкен құда әр қиындыққа қарсы келіп, қайтпас қайсарлыққа мініп отырды. Әр сәтсіздіктен шыңдалып ысыла түсіп, жұмақтың кілтін еңбектен іздеуден жалықпады. Үлкен еңбек пен қайсарлықтың арқасында кәсібін дөңгелетті. Қазір ЖШС «Айдонидің» өлшеп және қаптаған қолжетімді өнімдері барлық «Magnum» сөрелерінен табылады. Жеке қожалығында басшысы Кәкен Тоқтаровқа айтар алғыстары шексіз, жүзден аса жұмысшы отбасын асырап отыр. Сол жұмыскерлердің біразына баспана салғызып, бауырына балашағасын жиып, қолына кәсібін беріп, шаңырағына уайымсыз-қайғысыз өмір сыйлады. Мына бір жайды тілге тиек етпесем мақала толыққанды шықпайтын секілді. Сүйікті «Алатау» газетімізбен ел танығаны, өмірдің талай асуынан өткен, көкірегі шежіреге толы абыз қарт, ҚР Білім беру ісінің үздігі, елінің Құрметті азаматы Қадыр Нұрымов пен зайыбы, батыр ана Бүбіш Нұрымова сонау бір жылдары Кәкенге бата берген еді. Әкем Қадыр: «Айналайын Кәкен, Алла бет алдыңнан жарылқасын» деп бата берсе, анам: «Шет елге барып келдік, сол жерде өзінді айтып келдім, олар да сені танысын, істеп жүрген кәсібің оңай емес, сан мың машақаттары толып жатса да, айналаңды жарылқап жатырсың. Жаратқан иең жар болсын» деп еді. Қос қарияның берген баталары көптің тілегіне ұштасып, қабыл болды.

Баталы ер арысын ба?! Туған жерінің топырағына салдырған спорт кешенінде асыр салып ойнаған балалар елдің ертеңі болар жас ұрпақ өзіндей болашақтың отын бірі жақса, мыңы жылынар болса қандай тамаша. Еріншектік, жалқаулық секілді әдетке бой алдырмай, әрбір адам қадамын нық басуы керек деп санайтын өр мінезінің адамдарға тигізген шапаға-ты аз болмағанын айтып тауысу қиын. Себебі «Қыран шашып жейді, қарға басып жейді» емес пе?! Жоқ-жітікке көмек қолын созудан аянбай, өзінде ғана емес жан-жағында болса екен дегені – жомарттық, онысын бұлдамайтыны – мәрттік. Өзі сияқты бірталай кәсіпкерлердің басын қосып, ел көкейінде жүрген талай шаруалардың бітуіне жол тапқаны – азаматтық.

Айналасына ертегі өмір сыйлаған Кәкен Тоқтаровқа қайыры мол ғұмыр тілеп, жұмақтың кілтін ұстаған бақыты баянды болса екен деймін. Құдам Кәкен жайлы жазылған осы көкейдегі бір үзік ойым – теңіздің тамшысы ғана.

«Көк жүзінде алаулы
Міндетті емес ай болу.
Ең бастысы қалаулы
Кәсібіңе сай болу» деген Қадыр ақынның өлең жолдарының өз иесін табуы – жұмаққа, яғни, жарық күннің жақсылығын оңды-солды көруге апарар жол.

Әр кәсіптің өз биігі бар, соның биігіне шыққан бір тұлғаны кемді күн, қызық дәурені енді басталған жастарға үлгі етсем, ендігі заманның бет алысын айқындайтын топқа оймақтай ой салған болар едім.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ПОЯВИЛИСЬ НОВЫЕ ФУНКЦИИ СЕРВИСА «КАБИНЕТ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА» НА САЙТЕ ЕНПФ

В целях улучшения предоставления пенсионных услуг на сайте ЕНПФ в разделе «Личный кабинет» - «Кабинет юридического лица» https://jurcabinet.enpf.kz/auth внесены новые функции.

Напомним, целевая аудитория пользователей сервиса - работодатели, являющиеся налоговыми агентами, в обязанности которых входит перечисление пенсионных взносов работников. Сервис позволяет работодателям формировать, редактировать и отправлять на печать платежные поручения по оплате всех видов взносов в ЕНПФ: обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов.

В сервисе «Кабинет юридического лица» можно увидеть список работников, по которым необходимо направить платежи в ЕНПФ, с возможностью редактирования (удаления и добавления работников). Кроме того, сервис позволяет просмотреть в истории платежей все данные по ранее сформированным платежным поручениям.

С внесением новых функций сервис позволяет работодателям решить следующие задачи.

Теперь свою страничку вы можете дополнить информацией по профилю вашей компании, например, добавить адрес организации, контактные данные (номер телефона) и адрес электронной почты, подать обращение на портал Е-отініш и получить обратную связь, а также увидеть отчет о совершенных действиях и внесенных изменениях за любой период.

Также у пользователей сервиса появилась возможность прямо со странички «Кабинет юридического лица» по прямой ссылке перейти в информационно-справочные базы (ссылки на регулирующие нормативно-правовые акты, памятки и инструкции, бланки заявлений), то есть, нет необходимости покидать Кабинет для поиска необходимой информации.

И самое важное дополнение! Теперь Кабинетом юридического лица могут пользоваться физические лица со статусом индивидуального предпринимателя при наличии у них ЭЦП. Ранее доступ к Кабинету юридического лица был предоставлен только первому руководителю, имеющему право подписи, или лицу, наделенному правом подписи финансовых документов, при наличии электронной цифровой подписи для юридических лиц, выданной Национальным удостоверяющим центром Республики Казахстан.

РУБРИКА 5 ВОПРОСОВ ЕНПФ ОТВЕЧАЕТ НА АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

1) Здравствуйте! Я три года назад перевёл свои пенсионные накопления в страховую организацию, подскажите, я могу вернуть часть этих денег?

Согласно Закону Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности» вводится ряд изменений в нормативные правовые акты, в том числе с 12 сентября 2022 года в статью 60 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон).

Пунктом 14 статьи 60 Закона установлено, что лица, заключившие договор пенсионного аннуитета, вправе не ранее двух лет с даты его заключения обратиться в страховую организацию с заявлением об изменении условий договора в части уменьшения размера страховых выплат и возврата денег в ЕНПФ. Сумма денег, подлежащая возврату в ЕНПФ, равна разнице между выкупной суммой по договору пенсионного аннуитета на дату внесения в него изменений и суммой страховой премии, рассчитанной исходя из размера выплаты, определенного пунктом 2 статьи 59 Закона, на дату внесения изменений в договор пенсионного аннуитета.

Другими словами, в страховой организации должна остаться сумма, обеспечивающая пожизненно размер месячной страховой выплаты не ниже 70 процентов от величины прожиточного минимума, действующей на дату внесения изменений в договор пенсионного аннуитета.

Подчеркнём, что действие данного пункта распространяется также на правоотношения, возникшие из договоров пенсионного аннуитета, заключенных до введения в действие Закона.

Для осуществления возврата денег в ЕНПФ вкладчику (получателю) следует обратиться в страховую организацию, с которой вкладчиком (получателем) заключен договор пенсионного аннуитета, с заявлением об изменении условий договора в части уменьшения размера страховых выплат и возврата денег в ЕНПФ.

2) Доброго времени суток! Могу ли я получить услуги ЕНПФ без удостоверения личности, а с его цифровой копией?

Да, сегодня отдельные пенсионные услуги также можно получить без предъявления удостоверения личности. Для этого достаточно иметь его цифровую (электронную) версию на смартфоне в приложении eGovMobile.

Такую возможность имеют только граждане Республики Казахстан и только при личном обращении непосредственно в офис ЕНПФ.

3) Добрый день! Мой супруг является гражданином Турции, но продолжительное время работает в Казахстане и имеет накопления в ЕНПФ, подскажите, может ли он воспользоваться своими деньгами сверх порога достаточности на лечение зубов?

В соответствии со статьей 2 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» иностранцы, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, пользуются правом на пенсионное обеспечение наравне с гражданами Республики Казахстан, если иное не предусмотрено законами и международными договорами.

Согласно подпункту 14) статьи 1 Закона Республики Казахстан «О документах, удостоверяющих личность» документом, удостоверяющим личность иностранца на территории Республики Казахстан и подтверждающим получение им разрешения на постоянное проживание в Республике Казахстан является вид на жительство иностранца в Республике Казахстан (ВНЖ).

Следовательно, иностранцы, постоянно проживающие в Республике Казахстан, подтверждающие факт постоянного проживания в Республике Казахстан наличием ВНЖ, имеют право на использование части пенсионных накоплений (при их наличии) в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, а также для передачи в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем при соответствии требованиям, установленным законодательством.

Так, пунктом 1-1 статьи 31 и пунктом 1-1 статьи 32 Закона предусмотрено, что право на единовременные пенсионные выплаты за счет ОПВ и (или) ОППВ в том числе в целях оплаты лечения для себя или супруга (супруги), или близких родственников имеют лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, при наличии одного из следующих условий:

если сумма пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ, имеющаяся на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) вкладчика, превышает порог минимальной достаточности пенсионных накоплений;

если размер пенсии, а для судей в отставке сумма ежемесячного содержания обеспечивает коэффициент замещения среднемесячного дохода получателя на уровне не ниже 40 процентов, определяемого в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан;

если вкладчиком заключен договор пенсионного аннуитета со страховой организацией.

ВСТРЕЧА

ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ, ЗАКЛЮЧИВШИЕ МЕМОРАНДУМ

Как передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы, предприниматели, заключившие меморандум с парком «Медеу», смогут заниматься перевозками на территории. Предпринимателям предлагают заключать меморандум с парком «Медеу» для осуществления перевозок электрокарами. Инициативу предприниматели совместно с прокуратурой обсудили на площадке РПП г. Алматы.

Открыв встречу начальник отдела по снижению административных барьеров РПП Нурбол Ашербеков подчеркнул, несмотря на регулярное обсуждение проблемы по ограничению на въезд электрокаров на открытую зону особо охраняемой территории с госорганами, вопрос до сих пор остается открытым.

«После неоднократных переговоров сторон представители прокуратуры, парка «Медеу» и Палаты пришли к решению подписать меморандум», – рассказал спикер.

Соглашение добровольное и будет содержат права, обязанности предпринимателей. Представитель прокуратуры отметила, что меморандум будет заключен со всеми бизнесменами.

«*Подтверждаем, что незаконные действия парка усматривались, в частности по ограничениям. Мы провели переговоры с управлением зеленой экономики, руководством парка «Медеу» и пришли к соглашению, что меморандум будет подписан абсолютно со всеми предпринимателями. Выборочного подхода не будет*», – добавила Светлана Ким.

Разработчики документа пояснили, что вмешательства в предпринимательскую деятельность со стороны госорганов не будет. Инициатива предложена для контроля въезжающих машин:

«*Никто не будет отмечать время въезда и количество человек, которых завезли на территорию. Есть закон «Об особых охраняемых территории», согласно которому предприниматели будут нести ответственность, например, за оставленный мусор, несанкционированные парковки*», –прокомментировала представитель прокуратуры.

На сегодняшний день 2 компании уже работают в парке, еще 5 компаний заключили меморандум и в скором времени начнут работу.

Перевозчики же считают, что меморандум может стать барьером, так как из-за ограничения парковочных мест руководство парка не сможет контролировать поток въезжающих машин.

«*Сейчас в Алматы тренд на электромобили. Сегодня количество зарегистрированных в парке «Медеу» машин около 600. В прошлом году эта цифра была в пределах 60 машин. Представляете через 2 года она может достичь 10 тысяч. Как вообще парк будет контролировать такой поток машин, которые захотят там работать?*», – задал вопрос представитель компании ТОО Blu Sky.

Заместитель директора высокогорного катка «Медеу» Алмас Аттапханов подтвердил, что на территории ограниченное количество парковочных мест. Часть электромобилей проезжает транзитом через парк «Медеу» до ресторанов «Шымбулак».

«Если в выходные дни все оптом будут заезжать, то, наверное, нужно будет подумать о заезде по четным и нечетным номерам? Сейчас такой вопрос не стоит, так как нет такого потока. В будущем к данному вопросу надо вернуться», – отметил Нурбол Ашербеков.

Ранее Палата предпринимателей уже поднимала вопрос об ограничении въезда на территорию для владельцев электрокаров.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІП

ОҚУ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ

Жетісу өңірінің Көксу ауданында кәсіпкер Айсұлу Бұлқарова «Атамекен Жетісу» МҚҰ ЖШС арқылы 7 миллион теңге несие алып, макияж, шаштараз, косметология және тырнақ жасау дағдыларын оқытатын оқу орталығын ашты.

Оқу орталығында шеберлерді кәсіби даярлау, шеберлік сыныптары, семинарлар және барлық бағыт бойынша біліктілікті арттыру курстары жүргізіледі. Оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа тұруға кепілдік беріледі. Орталықта айына орта есеппен 30 студент білім алады. Көрсетілетін қызмет түрлерінің сұранысы жыл санап артып келетіндіктен Айсұлу Мақсұтқызы болашақта оқу орталығын кеңейтуді жоспарлауда.

Жетісу облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаевтың айтуынша биылғы жылдың басынан бері өңірде «Атамекен Жетісу» МҚҰ арқылы 178 кәсіпкер жеңілдетілген несие алған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БОКС

АТА-АНА ҮШІН ПЕРЗЕНТІНІҢ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКЕНІ ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ. ЖАҚЫНДА ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН БЕКЗАТ САТТАРХАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ XIX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ 80 КЕЛІ САЛМАҚТА ЖЕРЛЕСІМІЗ СҰЛТАН ШАМША ТОП ЖАРЫП, СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНДЫ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНДЫ

Талдықорған политехникалық колледжінің студенті Сұлтан Шамша бала күнінен бокспен айналысады. Бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері көл-көсір. Десе де, өзінің сүйікті боксшысы Бекзат Саттархановтың турнирінде топ жару бала арманы болатын. Міне, сол мақсатқа да қол жеткізді. Бұл биік – оның табанды жаттығуы мен үлкен еңбегінің нәтижесі. Сұлтанның бойындағы еңбекқорлық пен табандылық әкесі Берікбай Нұржановтан дарыған. Чемпион бізге берген сұхбатында жеңіске жетуінің басты себебі әке берген тәрбиенің арқасы екендігін мақтанышпен жеткізді. Бала арманына қанат бітірген әкесі ұлының үлкен додаларда ел намысын қорғарына сенеді. Сұлтанның жаттықтырушысы Ертарғын Түйтеков әркез тәрбиеленушілеріне бұл спорт түрі табанды еңбек пен ыждаһаттылықты қажет ететінін ескертіп отырады. *«Бокс – соққы мен жаттығу элементтері ғана емес, ол – бүтін бір философия. Ол жүректен орын алған уақытта ғана спортшы биік шыңды бағындырады. Сұлтан мұны өзінің жеңісі арқылы дәлелдеді»*, – дейді жаттықтырушысы. Ол бокспен көптен бері айналысып келеді. Бүгінге дейін қанатының астынан талай мықты спортшылар шыққан. Сөз соңында бір қызық жайтты айта кетейік. Сұлтан өмірге келгенде әкесінің досы Мақсат Басшыбаев баласының түбі үлкен боксшы болатынын болжаған. Берікбай Нұржанов досының сөзін жерге қалдырмай, боксқа береді. Міне, бүгінде нәтижесін көріп отырсыздар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ХАБАРЛАНДЫРУ

14.12.2022 ж., сағат 11:00-де, Жетісу облысы, Талдықорған қ., Бірлік ы/а 2А мекен-жайы бойынша "АлиКо" ЖШС медициналық қалдықтарды жағу бойынша құрылғы (инсиниратор) орнату үшін "рұқсат етілген эмиссиялар нормативтері" жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме: https:https://zoom.us/j/5057686788?pwd=dWsxRGxiVHdGdXRLQ0xyNjZMck1HUT09. Конференция индентификаторы: 505 768 6788. Коды: TnVX7p. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "АлиКо"ЖШС БСН: 110640015864, тел. 87027031485, e-mail: A_d_i_k_a@mail.ru. Материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz. "Экология"ҒӨО" ЖШС БСН: 99074000313 әзірлеушісі., тел. 87282 41-39-42. Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы тел.: 8 7282 32-92-67, 329267@mail.ru, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көш. 26. Ескерту мен ұсыныстар қабылданады: 329267@mail.ru және ecoportal.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14.12.2022 г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, г.Талдыкорган мкр. Билик 2А, будут проводится общественные слушания по проекту «Нормативы доступных эмиссии»для установки (инсиниратора) по сжиганию медицинских отходов ТОО «АлиКо». Ссылка на онлайн конференцию: https://zoom.us/j/5057686788?pwd=dWsxRGxiVHdGdXRLQ0xyNjZMck1HUT09. Идентификатор конференции: 5057686788. Код: TnVX7p. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АлиКо» БИН: 110640015864, тел. 87027031485, e-mail: A_d_i_k_a@mail.ru Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Разработчик ТОО НПЦ «Экология» БИН: 99074000313, тел.87282 41-39-42. Управление природных ресурсов по области Жетісу тел.: 8 7282 32-92-67, 329267@mail.ru, г. Талдыкорган ул. Кабанбай батыра 26, Замечания и предложения принимаются на: 329267 @mail.ru и ecoportal.kz

ОҚУ ОРНЫНДА

«ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ӘЛЕМ» АТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Zhansugurov College»-інде студенттер арасында «Жемқорлықсыз әлем» атты іс-шара өткізілді.

Шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылмауы, жастардың құқықтық сауаттылығының дамуы, халық арасындағы азаматтық ұстанымдарды және құқықтық сананы белсенді қалыптастыру.

«Жемқорлықсыз әлем» атты шара пікірталас ойынынан басталды. Пікір талас барысында білімгерлер жемқорлық туралы ашық ойларын жеткізді. Соның ішінде үздік спикер Меруерт Қабламбек, «Парасат» фракциясынан Дәулеткелді Қайып, Бекзат Молдабек белсенділік танытқандары үшін марапатталды. Сондай-ақ, шара аясында сурет көрмесі де өткізілді. Нәтижесінде 303 Бк бірінші орын иеленсе, екінші орын 206 ШБқ, жүлделі үшінші орынға 302 Бқ тобы лайық деп табылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты туындатуда «Жемқорлықсыз әлем» атты бейнероликтер жарысы өткізіліп, бірінші орынға 203 ДТқ және 205 Бқ, екінші орынға 301 ДТқ, үшінші орынға 101 МДқ топтары ие болды.

306 Қк студенттері Даниал Данабек, Әсел Бағдат «Студенттер арасында позитивті қарым – қатынас мәдениеті», Жансая Қабдоллаева «Zhansugurov college-нің ар-намыс кодексі», Жақсылық Егімбай мен Ерасыл Мырзағұл «Студенттердің құқықтары мен міндеттері», Айым Кенжебекова «Жемқорлыққа жол беру – ұрпақтың болашағына балта шабу» тақырырыптарында, «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері жемқорлықты алдын алу мақсатында баяндама оқыды.

Шара соңы жемқорлыққа қарсы акциямен аяқталды.

Сатыпалды НАУРЫЗБАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College»-нің оқытушысы.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының мәжіліс залында Алматы облысы және Жетісу облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 1-полиция батальонының қызметкерлерімен «ІІО қызметкерлерін экстремалды және төтенше жағдайлардағы іс-қимылға психологиялық даярлау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ ТАҚЫРЫПТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Дөңгелек үстелдің мақсаты – жеке құрамға экстремизм, терроризм, экстремалды және төтенше жағдайлар туралы өзекті мәселелердің мағынасын түсіндіру, талқылау. Патриоттық сезімдерін ояту және қызметкерлерді кәсіби-психологиялық дайындығын жетілдіру.

Дөңгелек үстелге дін өкілдері, психолог мамандары, дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығының қызметкерлері мен кітапханашылар қатысты.

Шараға қатысушылар қаңтар оқиғасын талқылап, мысалдар айтып, экстремизм мен терроризм тақырыбына елеулі дәлелдер келтірді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтары арандатушылық және үгіт-насихаттық сипаттағы интернет қолданбаларында келетін сурет және бейнежазбаларға мән бермеулері айтылды. Осындай іс-шараларды бірлесіп өткізу жөнінде ұсыныстар беріп, ынтымақтастық орнатуды сұрады.

Кітапханашылар Б.Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» деп аталатын шығармасының үзінділерінен мысалдар келтіріп, түсініктемелер берді.

Мұндай экстремалды және төтенше жағдайлардағы полиция қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық дайындығын жетілдіру мақсатында жеке қасиеттерін зерттеу және кеңес беру, дәріс және семинар сабақтары секілді іс-шаралар алдағы уақытта да ұдайы өткізілмек.

Д. МАМЫРОВА,
1-полиция батальонының аға инспектор-психологы, полиция капитаны.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

БУРАБАЙДА

Жетісу облысы, Кербұлақ ауданының тұрғыны Азнабай ТӘШІМОВ Бурабайға шипажайына барғанында көз тартар көркем табиғатымен тамсандырған мекенді жырмен әспеттеп, оны «Алатау» газеті редакциясына жолдаған екен. Ақсақалдың жолдаған жыр-шумақтарын жариялауды жөн көрдік.

Қандай сұлу, тамаша, туған жерім!
Көз тартады, Бурабай, Оқжетпесім!
Бурабайға келгенде саф ауамен,
Дем алып, рахаттанып, емделемін!
Е-е-ей, менің Бурабайым!
Заңғар тауым!

Өзіңіз қараңызшы,
Қарағай, қайыңдарың!

Табиғаты шипалы – дертке дауа!
Озон десе, озон ғой, неткен ауа!
Қарай бергім келеді, қарай бергім,
Биік-биік тауларға, қарағайға!

Мөп-мөлдір, таңғажайып көлдерін-ай!
Ыстық кезде шомылған кездерім-ай!
Бойыңызға күш-қуат, ем болатын,
Шіркін-ай! Қымызының дәмдісін-ай!

Жұмбақтасым, Үңгіртас, Бұқпаларым,
Міне, нағыз інжуім, маржандарым!
Ашылмаған құпия, сырларыңды,
Ашсайшы, Оқжетпесім, Бурабайым!

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Мен адасып қалдым

Күйеуі әйелінің мысығын өлердей жек көреді екен. Үнемі ұстап алып, орманға апарып тастаса, мысық жайбарақат есікті тырмалап тұратын көрінеді. Ашуы алқымына келген күйеуі мысықты қалтаға салып, он шақырым жүрген соң, солға бұрылып тағы 15 шақырым, одан тағы шығыс солтүстікке 12 шақырым, батысқа 20 шақырым жүріп, мысықты сонда тастап кетіпті.

Түн жарымында әйеліне телефон жалғап: - Мысық қайтып келді ме? – деп сұрапты.

– Кешкісін қайтып келген. Сен қайдасың?!

– Ана хайуанға телефонды берші! Мен адасып қалдым, – деген екен.

«Әке деп айт!»

Біреу базардан сөйлейтін тоты сатып алыпты. Үйіне келген соң әлгі тотыға «Әке деп айт!» десе оған тоты еш жауап қайтармапты. Ашуланған иесі мойнынан қылқындырып «Әке деп айт!» десе, тоты тағы үндемепті.

«Сені сатып алғанша, тауық сатып алғаным артық еді ғой» деп тауық қораға апарып қамап тастапты. Аздан соң қора жақтан тауықтардың шулағанын естіп, жетіп барса, әлгі тоты бір әтешті қылқындырып: «Әке деп айт!» деп тұр екен.

Қарындашпен жаза тұрыңыз

Біреу жедел жәрдемге телефон шалып тұр:

– Ало, Ало! Тез жетіңіздер менің балам қаламымды жұтып қойды. Тездетіңізші...

– Жарайды. Қазір...

– Сіздер келгенше не істеуім керек? Тездетіңіздер...

– Қарындашпен жаза тұрыңыз.

Қайта-қайта жылайсыңдар?

Бір данышпан, тыңдармандарға күлкілі әңгіме айтып берген екен, бүкіл дәріс тыңдап отырғандар ішек-сілелері қатып күліпті. Бірнеше минуттан соң ол әлгі әзіл әңгімені қайта айтыпты. Тек екі-үш адам ғана күліпті. Содан дана үшінші рет қайталап айтқанда, ешкім күлмей қойыпты. Қарт дана сонда күліп, былай депті: бір әзілді қайталап айта берсе күлмейсіңдер. Ал ендеше, көңілінді түсірген бір нәрсеге неге қайта-қайта жылайсыңдар? деген екен.

bilim-all.kz сайтынан алынды.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Қылышын сүйретіп, қаһарлы қыс келе бастағанда шкафтан барлығымыз да жылы жемпірлерімізді, сырт киімдерімізді шығарамыз. Басым көпшілігіміз неше түрлі теріден тоқылатын тон (дубленка) киеміз. Өйткені оның жылулығы да, сұлулығы да керемет. Алайда оны тазалаудың жолын бәріміз бірдей біле бермейміз. Сондықтан кішкентай дақ түссе болды, химиялық жолмен тазалайтын орындарға апаруды жөн көреміз. Бірақ ол жердегі адамдардың қызметін төлеуге көбіміздің ақшамыз жетпей жатады. Сол себепті оны өзіміздің тазартуымызға тура келеді.

ТОНЫМЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТАЗАЛАЙМЫЗ?

Бүгін біз сіздердің назарларыңызға тонды қалай тазалау керектігін ұсынып отырмыз.

Алдымен тонды таза ұстау үшін мына қағидаларды ескергеніңіз абзал:

1. Тоныңызды ешқашан оттың төңірегінде және отынмен жылытатын құралдардың қасында кептірмеңіз.

2. Оны өзінің арнайы қабына салып, іліп қойған дұрыс. Қалтасына міндетті түрде лаванда майы тамызылған мақта немесе орамал жүру керек. Бұл майдың иісі тоныңызға күйе көбелектерді түсірмейді.

3. Тонды ешқашан кір жуғыш машинаға салмаңыз. Себебі терісін түсіріп, түсін кетіреді.

4. Оның орнына сабын езіндісімен тазалап алуға болады. Содан кейін киіміңізді кептіріп, глицерин жағып қоясыз.

5. Қарапайым тонды резеңке щеткамен, ал басқаларын сулы шүберекпен тазалағаныңыз жақсы.

Былғары тонды тазалауға керекті кеңестер:

1. Ең әуелі байқап көріңіз. Қолданайын деп тұрған құралды киіміңіздің көрінбейтін жеріне жағып қарауыңыз қажет. Егер бәрі дұрыс болса, барлық жеріне жаға бересіз.

2. Егер үстіңізге май тамып кетсе, оны сол жерде крахмалмен сүртіп жіберіңіз. Майдың ізі де қалмайды.

3. Қатты майлы емес дақтарды резеңкенің кішкентай бөлігімен де кетіруге болады.

4. Тез кірлейтін жаға, жең секілді жерлерді тіс тазалайтын ұнтаққа бір-екі тамшы мүсәтір тамызып, арнайы щеткамен тазалаңыз.

Күдіреден жасалған тонды тазалап үйреніңіз:

1. Күдерідегі таңбаны қайнатпа тұзбен кетіруге болады.

2. Сүт пен сода да көмектеседі. Ол үшін бір стақан сүтке бір қасық сода қосып араластырып алыңыз. Содан соң бұл қоспаға таза шүберекті салып сулап, үстінен сүртіп шығыңыз. Артынан таза сумен жеңіл-желпі жуып жібересіз.Міне, енді тонды арнайы жерлерге апарып, ақша шығармайақ, өзіңіз үйде отырып тазалай аласыз. Киіміңіз дүкеннен қазір сатып алып келгендей болады.

massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1099
Индекс 15534